Мұнайлы Өлке

Газет 2009 жылдың 01 мамырынан шығады

"Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының газеті

№06 (47), маусым-шілде, 2013 жыл

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Ұ.С. Қарабалинді Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі қызметіне тағайындау туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалин Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Назарбаев

Астана, Ақорда,
2013 жылғы 3 шілде

№ 597

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы мен «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы болып Сауат Мыңбаев тағайындалды.

«Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Өмірзақ Шөкеев Ләззат Қиыновтің атқарған еңбегі үшін алғыс білдіріп, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ активіне жаңа жетекшіні таныстырды.

«Ләззат Кетебайұлы, Сіз компания басшылығына қиын кезеңде келдіңіз. «ҚазМұнайГаз» компаниялар тобында әлеуметтік жағдайды тұрақтандыру бойынша зор жұмыс атқарылды», - деп атап өтті «Самұрық-Қазына» АҚ басшысы Өмірзақ Шөкеев.

«Сауат Мұхаметбайұлын таныстырудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Ол – өз ісінің шебері. 2006 жылдан бастап оның қызметі «Самұрық-Қазына» АҚ мен мұнай және газ саласымен тығыз байланысты. Мұнай және газ министрлігін басқарумен қатар, ол Қор директорлар Кеңесінің құрамына енген. Соңғы 9 ай бойы «ҚазМұнайГаз» директорлар Кеңесіне жетекшілік етіп, компанияның барлық стратегиялық және ағымдағы мәселелерінен хабардар болды. Сауат Мұхаметбайұлы, Сізге жаңа лауазымда табыс тілеймін. Сіздің басшылығыныз Компанияның дамуына жаңа серпін береді деген сенімдемін», - деп сөзіне қосты Өмірзақ Шөкеев.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ«Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобына енеді.

2013 ЖЫЛДЫҢ 9-ШІЛДЕСІ – ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

ТЫНЫШТЫҚ ҚАЖЫ ЯХИЯҰЛЫ ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨКІЛ ИМАМЫ

Мейірімді, рақымды Аллаһтың атымен бастаймын!

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Аллаһ тағалаға сансыз шүкіршілік айтамыз.

ҚҰРМЕТТІ МҰСЫЛМАН БАУЫРЛАР!

Баршаңызды мұбарак Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай.

Рамазан айында ораза ұстау – мұсылман адамның мойнындағы бес парыздың бірі. Қасиетті Құранда: «Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят), – деп бұйырылған. Әрине, бұрынғы өткен пайғамбарлардың үмбеттері де өз кезегінде ораза ұстап өткен. Хадис-шарифте: «Ислам бес тірекке негізделген: Алладан басқа ешбір Құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық және Рамазанда ораза тұту» деп ораза ұстау Исламның шартынан екендігін білдірсе, мына хадисте: «Кімде-кім шын көңілмен иланып, кәміл иманмен, сауабын Алла Тағаладан күтіп, Рамазан оразасын ұстайтын болса, оның өткен күнәлары кешіріледі» деп келе, оразаның ұлық ғибадат екендігін сүйіншілейді.

Демек, пенделікпен істеген кемшілік-кәтеліктерге өкініп, тәубеге келіп, сауабын Алла Тағаладан үміт ете ораза ұстаған жағдайда барша жамандықтарға кешірім болары шүбәсіз. Күнәсіз адам болмайтындығын ескерсек, ораза айы сол өткен күнәлардың кешірілуіне себеп болмақ, бауырлар!

Ораза ұстаған кісіге берілетін сауапты тілмен айтып жеткізу де, сипаттау да мүмкін емес. Рамазан айы тек оразаның сауабына кенелетін емес, күнәлардың да кешірілетін кешірім айы. Жараткан Алла ораза ұстағандарды көз көрмеген, құлақ естімеген және адамзат қиялы жетпейтін жақсылығымен марапаттайды.

Адам пенделікпен өзге құлшылықты көрер көзге атақ, абырой үшін жасауы мүмкін. Алайда оразаны көрер көзге, риялықпен тұта алмайды. Оразаны Аллаға шын сенген мұсылман ғана ұстайды.

Алайда ораза тек таңның атысынан күннің батысына дейін нәр татпау ғана емес. Ораза – рухтың азығы, тәннің шипасы. Ол денсаулықты сауықтыру арқылы тәнді рухани тазартады.

Ораза – мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы бекітулі жан әдеп білмес пенделердің өзіне жасаған кейбір оғаш іс-әрекеттерін көріп, тұрпайы сөздерін естісе де: «Мен оразамын» деген бірауыз сөзбен нәпсісіне тоқтау салып, сабырға келеді. Ал сабырлылықтың сыйы – жаннат. Рамазан айында құлшылығын арттырған мұсылманның әрбір жасаған іс-әрекеттеріне есептеп сауап жазылып, ризық-несібесі артады. Кімде-кім ораза ұстағанға ауыз аштырса, оның күнәлары кешіріліп, ораза ұстағанның сауабындай сауап алады, одан ораза ұстаушының сауабы кемімейді.

Оразаның жылдан-жылға он күнге кейін шегерілуіне байланысты биыл шілде айының 9 жұлдызынан басталып, ыстық аптапқа тұспа-тұс келмек. Бұл өз кезегінде мұсылман жамағатының төзімділігі мен сабырлылығына сынақ іспетті. Шілдеңің аптап ыстығында ауыз бекітсек, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүйіншілегендей, жаннаттағы «Райян» қақпасының есігін ашуымызға сенгін тигізер, иншаллаһ!

ҚЫМБАТТЫ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР!

Қасиетті Рамазан айы құтты болсын! Ұстаған оразаларыңыз, дұға-тілектерінің қабыл болуы! Рамазан айында жасаған игі істеріңіз сауаптан жазылып, Аллаһ Тағала елімізге, жерімізге береке жаудырғай!

АҚТАУ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫНДА ОРАЗА ҰСТАУ ЖӘНЕ НАМАЗ ОҚУ УАҚЫТЫНЫҢ КЕСТЕСІ 2013 ЖЫЛ, ХИЖРАША 1434 ЖЫЛ

Рамазан айының реті	Апта күндері	Шілде және Тамыз айлары	Таң намазы	Күннің намазы	Бесін намазы	Екінді намазы	Ақшам Намазы (ауызашар уақыты)	Құптан намазы
1	сейсенбі	09.07	4:01	6:01	13:39	18:56	21:23	22:53
2	сәрсенбі	10.07	4:01	6:01	13:39	18:56	21:22	22:52
3	бейсенбі	11.07	4:02	6:02	13:40	18:56	21:22	22:52
4	жұма	12.07	4:03	6:03	13:40	18:56	21:21	22:51
5	сенбі	13.07	4:04	6:04	13:40	18:56	21:21	22:51
6	жексенбі	14.07	4:05	6:05	13:40	18:55	21:20	22:50
7	дүйсенбі	15.07	4:05	6:05	13:40	18:55	21:19	22:49
8	сейсенбі	16.07	4:06	6:06	13:40	18:55	21:19	22:49
9	сәрсенбі	17.07	4:07	6:07	13:40	18:54	21:18	22:48
10	бейсенбі	18.07	4:08	6:08	13:40	18:54	21:17	22:47
11	жұма	19.07	4:09	6:09	13:40	18:54	21:16	22:46
12	сенбі	20.07	4:10	6:10	13:40	18:53	21:15	22:45
13	жексенбі	21.07	4:11	6:11	13:41	18:53	21:15	22:45
14	дүйсенбі	22.07	4:12	6:12	13:41	18:52	21:14	22:44
15	сейсенбі	23.07	4:13	6:13	13:41	18:52	21:13	22:43
16	сәрсенбі	24.07	4:14	6:14	13:41	18:51	21:12	22:42
17	бейсенбі	25.07	4:15	6:15	13:41	18:51	21:11	22:41
18	жұма	26.07	4:16	6:16	13:41	18:50	21:10	22:40
19	сенбі	27.07	4:17	6:17	13:41	18:49	21:09	22:39
20	жексенбі	28.07	4:18	6:18	13:41	18:49	21:08	22:38
21	дүйсенбі	29.07	4:19	6:19	13:41	18:48	21:07	22:37
22	сейсенбі	30.07	4:20	6:20	13:41	18:47	21:06	22:36
23	сәрсенбі	31.07	4:21	6:21	13:41	18:47	21:04	22:34
24	бейсенбі	01.08	4:22	6:22	13:40	18:46	21:03	22:33
25	жума	02.08	4:23	6:23	13:40	18:45	21:02	22:32
26	сенбі	03.08	4:24	6:24	13:40	18:45	21:01	22:31
27	жексенбі	04.08	4:25	6:25	13:40	18:44	20:59	22:31
28	дүйсенбі	05.08	4:26	6:26	13:40	18:43	20:58	22:28
29	сейсенбі	06.08	4:28	6:28	13:40	18:42	20:57	22:27
30	сәрсенбі	07.08	4:29	6:29	13:40	18:40	20:56	22:26

Ескерту:

1. Биыл яғни 2013 жылы мұсылмандық ай күнтізбесі бойынша Қасиетті Рамазан айы 30 күн.
2. Тамыздың 3-нен 4-не қараған түн – **қасиетті Қадыр түні**.
3. Сәресіп ішу таң намазының қіруне 10 минут қалғанда тоқтатылады.
4. Ауызды ақшам намазының уақыты болысымен құрмамен немесе сумен және тағы басқа жеміспен ашуға болады.
5. Тарауих намазы Құптан намазынан кейін оқылады, ал Үтір намазы ең соңынан жамағатпен оқылады.
6. Пітір садақаны Рамазан айының басынан айт намазына дейін беруге болады. **Пітір садақа Ақтау қаласы бойынша 150 теңге.**
7. **8 тамыз** бейсенбі күні Ораза айт мейрамы басталады.
8. **Оразаға ниет**: Алла Тағала үшін мубарак Рамазан айының оразасын ұстауға таңнан күн батқанға дейін ниет еттім.
9. **Ауыз ашар дұғасы**: «Жаратқан Ием Сен үшін оразаұстадым: Сағанимен келтірдім. Саған тәуекел еттім. Сен берген рызық –несібемнен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күнә-кемшіліктерімді кешіре гөр!».

http://www.muftyat.kz

ГФР-ден келген делегация «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да болды

19 маусым күні Қазақстандағы Герман Федеративтік Республикасындағы Бас консулы Михаэль Граудың басшылығымен келген делегация Маңғыстау облысында іскерлік сапармен болды. Делегация құрамында Германия экономикасы Өкілдігінің Орта Азия бойынша, халықаралық ынтымақтастық Қоғамының, ГФР экономикасы дамуына ықпал ететін Қоғамның басшылары, Германияның ірі көлік-логистикалық компанияларының топ-менеджерлері бар. Қонақтар облыс әкімі Алик Айдарбаевпен кездесті, сондай-ақ, өңірдің бірнеше өндірістік нысандарын, соның ішінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ нысандарын аралады.

Германиядан келген қонақтарды Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Қ.К. Қиынов, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Е.Б. Бижанов, Бас директордың әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары И.М. Қолдасбаев қарсы алды.

-Маңғыстау облысы – біз сапар шегіп келе жатқан өңірлердің ішіндегі бесіншісі. Біздің басты мақсатымыз – Қазақстан облыстарындағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштермен және инвестициялық ахуалмен танысу, сонымен қатар, Германиядан инвестицияларды тартуға болатын басым салаларды анықтау, - деді өз сөзінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшыларымен кездесу кезінде Михаэль Грау.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметін таныстыру кезінде аталмыш делегация компанияның өндірістік-әлеуметтік көрсеткіштері, мұнай өндіру динамикасын, кеңорындарда енгізіліп жатқан жаңа технологиялармен, әлеуметтік бағдарламалармен танысып өтті.

Германиядан келген қонақтар компанияның әлеуетін жоғары бағалады, сондай-ақ, алдағы уақытта қазақстандық және германдық компаниялар өзара экономикалық байланыстарын нығайтады деп сенетіндерін жеткізді.

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІМЕН!

Игі дәстүр бойынша маусымның әрбір үшінші жексенбісінде медицина қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекелерін тойлайды. 14 маусым күні осындай мерекелік шаралардың бірі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ӘМжӘДД медико-санитарлық бөлімінің емханасында болып өтті. Емхана қызметкерлері мен қонақтар жайылған мол дастархан басында өлеңдер мен ән тыңдады, аталған мерекеге арналған театрландырылған көріністерді тамашалады.

Бүгінгі таңда МСБ құрылымында 124 медицина қызметкерлері – дәрігерлер, фельдшерлер, медбикелер, санитарлар мен өзге де персонал, оның ішінде 23 - Қаламқас амбулаториясында, ал 11 – Жетібайда жұмыс жасайды.

Медицина қызметкерлерінің жұмыстарынан артық ауыр да жауапкершілігі мол жұмыс жоқ шығар. Бұл терең кәсіби біліммен қатар, үлкен шыдамдылықты, жан сезімталдығы мен батылдықты, сонымен қоса мейірімділікті талап ететін мамандық. Күн сайын, сағат сайын дәрігерлер адамның ең қымбат нәрсесі – денсаулықты қорғау жолында аянбай қызмет етеді. Ең қиын сәттерде дәрігерлер мүмкін емес ғажап істерді орындап, ауру адамға шын жаны ашу арқылы, әрі асқан жауапкершілікпен қоса жоғары кәсіби тұрғыда адамдарға көмекке келеді.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен ӘМжӘДД директоры Нұрлан Илмуханбетов және МСБ бастығы Әзірбай Ораз құттықтады:

- Әрқашан адамзаттың денсаулығы үшін еңбек ете беріңіздер! Шын жүрекпен Сіздерге және Сіздің отбасыларыңызға мықты денсаулық пен ұзақ өмір, бейбітшілік пен молшылық, таусылмас күш-қуат пен болашаққа деген зор сенім тілейміз! Емделушілеріңіз аз болсын, ауырғандар тезірек жазылып кетсін және Сіздерге айтар алғыстары ешқашан таусылмасын!

Айта кететін бір жайт, өңірдегі денсаулық саласының дамуына қосқан үлестері және жоғары кәсіби біліктіліктері үшін МСБ қызметкерлері бірнеше рет грамоталар мен алғыс хаттарға ие болған. Терапевт-дәрігер Майра Абаева – Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хатымен, күндізгі стационар дәрігері Галина Мұхитова – Маңғыстау облысы денсаулық сақтау басқармасы алғыс хатымен, дәрігерлік амбулаторияның терапевт-дәрігері Әсет Бекқұлов «НұрОтан» халықтық-демократиялық партиясы облыстық филиалының бірінші орынбасарының алғыс хатына ие болған.

МСБ қызметкерлерінің бір тобы Қоғамымыздың Басқармасы тарапынан ынталандыруларға ұсынылды.

Біз 25-ке толдық!

Техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментіне қарасты Өндірістік-санитарлық зертхана 1988 жылғы маусым айында сол кездегі «Маңғышлакнефть» өндірістік бірлестігінің үйғарымымен құрылған болатын.

Біздің зертхананың негізгі мақсаты – өндірістік нысандарда өнерқәсіптік-санитарлық паспортандыруды жүргізу, зиянды өндірістік факторларды анықтау, өндірістік нысандарды және жұмыс орындарын ай сайын тексеріп, тексеріс кезінде анықталған кемшіліктерді дер кезінде жойып, жұмыскерлердің санитарлық-гигиеналық жағдайын жақсартуға ықпал ету.

Осы 25-жылдық мерейтой облысымыздың 40-жылдығына, ақмаржан қаламыздың 50-жылдығына тұспа-тұс келуі тегін емес. 25 жыл ішінде осы зертхананың жұмыскерлерінің еңбегінің жемісі – қазіргі таңда барлық өндірістік нысанда еңбек етіп жүрген әріптестеріміздің санитарлық-гигиеналық жағдайларының жақсаруына себепші болды - өндірістік нысандар жуынатын орындармен қамтылды, ауыз су мәселесі шешілді, жұмыскерлер арнайы киім сақтайтын шкафтармен қамтылды, барлық топтық қондырғылар кондиционерлермен жабдықталды, өндірістік нысандар мен жұмыс орындарда өткізілген аттестация қорытындылары бойынша зиянды жағдайда еңбек етіп жүрген жұмыскерлерге берілетін қосымша жеңілдіктер расталды.

Алдағы уақытта да осы зертхана ұжымына еңбекте жақсы жетістіктерге жете берулеріне, жаңуяларына амандық, өздеріне денсаулық тілей отырып, мұнай-газ өндіру саласында қызмет етіп жүрген әріптестеріміздің еңбек жағдайларын жақсарту үшін үлесімізді қосамыз деп үміттенеміз.

«МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ - СЕНБІЛІКТЕ!

Ағымдағы жылдың 8 маусымында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы жылдағы игі дәстүрі бойынша өз иелігіндегі «Алау» балалар сауықтыру лагерінде ірі сенбілік ұйымдастырды. Бұл аталған демалыс орнын балалардың жазғы демалысына дайындау барысындағы сенбілік болатын.

Лагерьдің санитарлық жағдайын жақсарту үшін әрбір департамент өздеріне бекітілген аумақтарда тазалау жұмыстарын ұйымдастырып, алдымен лагерьдің аумағындағы қоқыстар, жөндеуден өткеннен кейінгі қалдықтар жиналды. Одан кейін көріктендіру жұмыстары, ағаштардың діңі әктелді, аумақтың сырты мен қоршаулары да сырланды.

Лагерь аумағында мерекелік ахуал қалыптастырылып, бүкіл сенбілік барысында жағымды әуен ойнап тұрды. Сенбілікке қатысушылар қажетті мөлшерде құрал-саймандармен, қоқысты жинауға арналған пакеттермен және қолғаптармен қамтамасыз етілді. Әрбір корпустың, медпункттың ішіндегі жатын бөлмелері, дәліздер мен жуыну бөлмелері толықтай зарарсыздандырылып, тағы басқа сол сияқты тазалау жұмыстары жүргізілді.

Сенбілік күні көлемі 3,2 га жер тазаланып, яғни бірнеше тонна болатын жиналған қоқыс арнайы полигонға шығарылды. Жалпы аталған сенбілікке 180 адам қатысты және коммуналдық арнайы техникадан басқа да ірі техникалар жұмылдырылды.

Тазалау жұмыстары аяқталған соң сенбілікке қатысушылар арасында спорттық ойындар ұйымдастырылды. Арқан тарту, білектесу, скакалкамен секіру сияқты сайыстарда әрбір департаменттің қызметкерлері жеңімпаз болып жатты. Оларға жеңіс Құбогы мен алғыс хаттар табыс етілді. Одан кейін сенбілікке қатысушылар жайылған мол дастарханнан дәм татты.

Осылайша сенбілікке қатысушы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері асқан ұйымшылдықпен, бар болғаны 4-5 сағаттың ішінде лагерьді балалардың жазғы демалысына толық дайын етіп шығарды.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Тікелей байланыста түйінді мәселелер айтылды

Облыс әкімі Алик Серікұлы Айдарбаевтың бұқаралық ақпарат өкілдерімен және аймақ тұрғындарымен болған баспасөз мәслихаты барысында жергілікті журналисттер ғана емес, республикалық БАҚ өкілдері, түрлі деңгейдегі депутаттар, ұлттық-мәдени орталықтар және қоғамдық ұйымдар өкілдері, қала, аудан әкімдері қатысқан бұл кездесуде елжер мәселесіне, аймақтың бүгінгі дамуы мен келешегіне, халықтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты өзекті мәселелер сөз болып, өрелі ойлар айтылды. Облысымыздың түкпір-түкпіріндегі кез-келген тұрғынның телефон байланысы, электронды пошта және «Лада kz» сайты арқылы сұрақтар беріп, жауап алуына мүмкіндіктер болды. Алматыдан келген БАҚ өкілдері баса атап көрсеткендей, облыс әкімінің тікелей телеарна арқылы БАҚ өкілдерімен ашық әңгімелесуі, айталық, Тәуелсіздігіміздің 22 жылдық тарихында мұндай кең де заманауи сипатта бірінші рет болып отыр. Тағы бір ерекшелік, баспасөз мәслихатына тәуелсіз журналистер де шақырылып, сауалдарын қойды. Облыс басшысы еш бүкпесіз көңілмен өз ойларын ортаға салды. Алик Серікұлы Маңғыстауда қатардағы мұнайшы, инженер болып еңбек жолын бастағанын, осы өңірде тер төккен ширек ғасыр ішінде қол жеткізген жетістіктерін киелі өлкенің ақжүрек азаматтарынан бөле-жара қарамайтындығын жеткізді. «Осы жерде жүріп, мұнай саласының қыр-сырын меңгердім, елге танылдым, өстім, өндім, отбасын құрдым, ұрпақ өсірдім. Осындай дәрежеге жетуім, алдымен, осында жүріп шыңдалған еңбектің, азаматтардың арқасы. Мен әрқашан халқыма, өзіме ақыл-кеңесін айтқан парасатты адамдарға сүйендім» - деп Алик Серікұлы ағынан жарылып, Маңғыстаудың жұық арада басқа қызметке ауысу ойының жоқ екендігін де қаперге берді.

Енді облыс әкімі мен тұрғындар, БАҚ және жұртшылық өкілдерінің жаңа форматтағы ашық әңгімесінде қойылған сұрақтар мен берілген жауаптарға кезек берейік...

Роза Есенқұлова, журналист:

– Алик Серікұлы, Маңғыстауда «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша қаржының игерілмегендігі, құрылыс сапасы жайында Үкімет сын айтты. Алда бұл кемшілікті түзету үшін не істелмек?

– Проблема бар екендігі рас. Қазір «Аққу» құрылыс кешенінде жобалау және салу барысында кеткен кемшіліктерге байланысты жұмыс тоқтатылды. Сметалық құжаттар қайтадан жасалып жатыр. Өкінішке орай, кешен осы жылы пайдалануға берілмейді. Облыс бюджетіне де өзгерістер енгізілмек.

Оксана Богданова, Ақтау қаласының тұрғыны:

– №4 шағын аудандағы №10 балабақша екі жылдан бері жөнделуде. Бүлдіршіндерді қашан қабылдайды?

– Бұл елдегі ортақ проблема. Облыста бөбектердің балабақшамен қамтылуы 67 пайызды құрайды. «Балапан» бағдарламасы бар екендігін білесіздер. Бюджет мүмкіндігіне қарай жұмысталып жатырмыз. №4 балабақшаға келсек, ол бұрын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қарамағында болды. 2010 жылы қала әкімдігі балансына өтті. Кезінде мұнай компаниясы жөндеп, тапсыруы керек еді. «Ештен кеш жақсы» деген, енді қолға алып жатырмыз. Кәсіпорын басшыларымен келісімге келдік, балабақша жөнделіп, тапсырылады.

Ілияс Айболдаев, «Мұнайлы» ауданының тұрғыны:

– Ауданымыз әлі жас, ішкі инфрақұрылымдарында түрлі проблемалар бар екені белгілі. Ауыз су мәселесі ауданда түпкілікті қашан шешіледі?

– Ауыз су - аймағымыздағы күрделі мәселе. «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша 2020 жылға дейін барлық қалалар 100, елді мекендер 80 пайызға сумен қамтамасыз етілуі керек. Сол бағдарламаға сәйкес, біз қазір жұмысталып жатырмыз. «Мұнайлы» ең жас аудан болса да, халық саны тез өсіп келе жатыр, 100 мыңнан астам адам тұрады. Биыл аудан орталығына дейін су құбыры тартылады. Сметалық құжаттарды дайындап, ауылдарға, үйлерге су құбырын тартуды бастаймыз.

Тамара Капралова, Ақтау қаласы:

– Қалада мұз айдыны қашан салынады? «Ақтау» сауда-көңіл көтеру орталығындағы шағын мұз алаңы тұрғындардың қажетін толық қанағаттандырмай отыр.

– Облыста 480 түрлі спорт құрылымдары бар. Әрине, бұл жеткіліксіз. Қалада, аудандарда спорт ойын алаңдарын әлі де салуымыз керек. Мұз айдынына қатысты айтсақ, бізде қазір жоба бар, шағын спорт қалашығы салынбақ. Бүгінгі таңда автодром аумағынан жер бөлінді. Бұл іс қазба байлықты пайдаланушылар қаражаты арқылы іске аспақ. Бұған қоса Ақтауда жаңа спорт кешені бой көтермек.

Гүлмира, «Лада. kz» сайтын пайдаланушы:

– Ата-жұртқа 1994 жылы квотамен көшіп келдім. Тыл ардагері 90 жастағы әкеммен пәтер жалдап тұрып жатырмын. Сізге қабылдауға кіре алмай жүрмін.

– Тұрғын үй мәселесі аймақтағы күрделі түйін болып отыр. Кезекте тұрғандар өте көп. «Қолжетімді баспана – 2020» бағдарламасы енді-енді қанат жайып келеді. Инженерлік инфрақұрылымға, құрылысқа қыруар қаржы бөлінбек. Жеке тұрғын үйлер көптеп салынбақ. Бір өкіншісі, Ақтау қаласы аумағымен шектесетін жерлер бұрын жекеменшік компанияларға берілген. Бұл «Ақтау Сити», «Каспий хабі», басқа да жобаларға қатысты. Қазір, сол жерлерді қайтадан мемлекетке қайтарып алып жатырмыз.

Облыс әкімінің жеке мәселелер бойынша қабылдауының кестесі бар. Аудан, қала әкімдері өздері белгілеген күнде тұрғындарды қабылдауға, тиісті жауабын беруге міндетті және облыс әкімінің қабылдауына кіргісі келетіндерге көмектесуге, бұл істі ұйымдастыруға тиіс.

Айымгүл Екібаева, Ақшұқыр ауылының тұрғыны:

– Кезінде жарнамаланған «Ақтау-Сити» жобасы жайында соңғы кезде неге айтылмайды? Маңғыстауда туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқтала кетсеңіз...

–«Ақтау-Сити» жобасы іске аспайтын болды. Әлгінде айттым ғой, ол жерлерді мемлекетке қайтарып жатырмыз. Үкіметпен келістік, «Самұрық-Қазынаның» «Қазақстанның инвестициялық қоры» деген серіктес кәсіпорны (дочкасы) бар, сол арқылы, шет елдерді қатыстырмай өз күшімізбен қаланы дамытамыз. Жер мәселесі шешіледі, сосын бас жоспар жасалып, құрылыс жалғаспақ.

Мұнай, газ демей, туризмді, басқа салаларды да дамытуымыз керек. Барлық мүмкіншіліктер бар. Дегенмен, алдымен су, экология, басқа да бірнеше проблемаларды шешіп алуымыз керек. Онсыз туризмді жолға қоя алмайтынымыз белгілі. Бірақ бұл бізде туризм болмайды деген сөз емес. Үкімет те қолдап отыр, тек жоғарыда айтылған түйіндердің түйінін тарқатуымыз керек.

Александр Покатилов, журналист:

– Алик Серікұлы, баламалы энергетиканы енгізу жайында айтсаңыз...

– Маңғыстау облысы жел және күн энергиясын дамыту үшін қолайлы аймақ болып саналады. Инвесторларды тарту мақсатында Қазақстанда қабылданған арнайы заң негізінде KEGOC ұлттық энергетикалық компаниясы нақты ставкасы бекітілген баға бойынша «жасыл» энергияны сатып алуға тиіс. Бұл шара инвесторларды жел және күн энергиясымен жұмыс істейтін станциялар салуға ынталандырады. Бүгінгі таңда, Тұпқараған ауданында жел энергетикасын дамыту жөніндегі жоба бар. Таяу арада Маңғыстауда осындай станциялар пайда болады деген ойдамын.

Нұрторе Жүсіп, «Айқын» газетінің бас редакторы:

– Бүгінгі форматтағы кездесу Қазақстанның 22 жылдығы тарихында бірінші рет болып отыр деп ойлаймын. Облыстың деңгейінде әкімнің тікелей эфир арқылы журналистермен, барша тұрғындармен ашық әңгіме өткізуге келіп отырғаны халықтың қажетін біліп, жағдайын жақсарту үшін жұмыстануға деген ынта-құлшынысты байқатады. Мұнайға қатысты бізде мұңды тақырыптар бар. Жаңа жара салған Жанаөзен жағдайын білесіз. Жалпы осы салада мұндай оқиғаның орын алмасы үшін қандай кешенді шараларды қолға аласыз? Мұнайшыларға қатысты мәселелерді тиянақты, түпкілікті шешетін қандай жолдар бар?

– Еліміздің, облысымыздың қарыштап, өркендеуінде мұнайдың алар орны айрықша. Басқа салаларды да дамытуымыз керек. Десек те, мұнай мен газдың орны бөлек. Әрине, мұнай саласында көптеген проблемалар бар. Мұнай маманы ретінде біраз мәселелерді шешуге атсалыстық. Мұнайшылармен, мұнай компаниясы басшыларымен, кәсіподақ жетекшілерімен кездесіп, сөйлесіп, мамандарды оқытып дегендей, орын алған оқиғаның қайталанбауының шарасын алып жатырмыз. Қалай жұмысшының жағдайын жақсартуға, әлеуметтік-тұрмыс жағдайына қалай көмектесуге болады? Әрбір басшы мұнайшының жай-күйін ойлауы керек. Мұнай компаниялары құрылыс салуға атсалысуы тиіс. Біздер үшін емес, өз мұнайшылары үшін осындай қадам қажет. Осындай қарым-қатынас болатын болса, мұнайшылар еңбек зейнетін сезінсе, лайықты құрметтелсе келеңсіз жағдайға жол бермеуге болады.

«Лада kz» сайтына келіп түскен тұрғындар сауалы:

– Лифтілер проблемасы қашан шешіледі? Жасыл-желекті суару жайы да мәз емес.

– Ақтау қаласы әкіміне жоба жасауға тапсырма бердім. Бұл пилоттық жоба іске асып жатса, лифт мәселесі шешіледі. Екінші сұраққа да қала басшысы жауап берсін...

Ақтау қаласының әкімі Еділ Жаңбыршин:

– Бұл бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі. Қалада 330 үйге лифті орнатылған, оның 200-ден астамы жабдықтары өзден тозғандықтан жұмыс істемей тұр. 2011 жылы 8 жаңа лифт жөнделді. Бұл пилоттық жобаны іске асыруға 32 миллион теңге бөлінді. Лифтілер тұрғын үй шаруашылығы балансына өткендігін білесіздер. Қазір сервистік қызмет көрсетудің бірнеше варианттары қаралып жатыр. Тендер өтпек. Лицензиясы бар арнайы компания қызмет көрсететін болады. Үстіміздегі жылы 4 лифтіні іске қосамыз. Егер ойымыз оңынан оралып, нәтиже көрініп жатса, тағы да 112 лифт (әрқайсысы 8 млн. теңге) аламыз. Кезең-кезеңімен, бірте-бірте іске асырмасақ, бұл бір жылдың көлеміндегі мәселе емес. Бірінші кезекте мүгедектер, жағдайы төмен отбасылары көбірек тұратын үйлерден бастағалы отырмыз. Қазақстанда Ақтаудағы өлшемге сай келетін лифт шығаратын зауыт жоқ. Егер Ақтаудағы зауыт жұмыс жасап, бізге қажетті лифт жасап жатса, 4-5 жылда бұл проблеманы шешуге болады.

Қаланы абаттандыруға 300 миллион теңге бөлініп отыр. Қазіргі уақытта ол қаражат әр бағытқа - ағаштарды суару, абаттандыру, алаң, көше аумақтарын жинауға бөлінуде. Пәтер иелері кооперативі мен қала әкімдігі арасында жасыл-желекті суару үлесіне келгенде шешілуге тиісті түйін де жоқ емес. Германияда әр ағаштың құжаты бар, онда суаруға, күтуге кім міндетті екендігі, басқа да қажетті ақпараттар жазылған. Бізге де осындай қадам жасау керек...

Алтынгүл Мендіхан, «Лада» газетінің тілшісі:

– Шенеуніктердің БАҚ құралдары өкілдерімен ашық әңгімелесе бермейтіні белгілі. Бұл неліктен деп ойлайсыз? Көпшілікті экология мәселесі мазалап отыр. Азот зауытында болған апат қайталанбасына кепілдік жоқ. Қазіргі уақытта өндірістік кәсіпорындар мен тұрғын үйлер арасы тым жақындап бара жатыр.

– Бүгінгі баспасөз мәслихатынан көп ой түюге болады. «Бәрі жақсы» деп проблеманы бұркемелеудің қажеті жоқ. Халықтың атынан журналистер көтеріп отырған мәселеге сергектік таныткан дұрыс. Журналистермен кездескенде келеңсіз жәйттерге жауап беру оңай емес, әрине. Дегенмен, тұрғындармен жиі кездесу, пікірлесу, мұң-мұқтажына құлақ салу керек. Егер біз елдің өзекті мәселелерін білмесек, саясатымызды да дұрыс жүргізбеуіміз мүмкін. Саясатымыз ел мүддесімен қабысып жатқаны жөн. Бүгінгі кездесу шенеуніктерге үлгі болады деп ойлаймын.

Экология жайында айтқанда, алдымен Қошқар ата улы көлінің проблемасын шешуіміз керек. Жобалық-сметалық құжат дайындалып жатыр. Рекультивация жүргізуіміз керек. Бірінші кезеңде атқарылатын жұмыстар үшін ғана 25 миллиард теңге қажет. Бұл мәселені Үкімет алдына қойып отырмыз.

Мұнай қалдықтары тағы бар. Біз бұл түйтілді шешу үшін Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, мұнай компанияларымен бірлесе ұзақ мерзімді жоба жасақтаудамыз.

Каспий теңізінің экологиясынан да айналып өте алмаймыз. Жаман айтпай жақсы жоқ, ертең мұнай өндірілгенде болар ықтимал қауіптің алдын алған абзал. Бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан қараған жөн. Каспий проблемасы жөніндегі институт құру мәселесі күн тәртібінде тұр.

Телефон арқылы түскен сауал:

– Биыл Ақтау қаласының құрылғанына - 50, облысымызға – 40 жыл толғалы отыр. Осы үлкен мереке қалай аталып өтпек?

– Мерекеге байланысты атқарылар жұмыстардың жоспары бар. Арнайы іс-шараны өткізуге жауапты жұмысшы тобы құрылды, қазірден бастап іс-шаралар өтіп жатыр. Қала, облыс тұрғындары белсенділік танытса деймін. Қала, облыспен «құрдас» мекемелер, «Маңғыстаумұнайгаз», «Маңғыстау энергокомбинаты», т.б. бірнеше кәсіпорындар да лайықты үлес қосады. Мейрам ортақ, дайындық, өту барысы ұдайы назарда болады.

Серік Жанболат, «Алаш айнасы» газетінің бас редакторы:

– Алеке, Маңғыстауға келген кезде бұқаралық-ақпарат құралдарында қызмет ететін мамандардың тапшылығын сезінеміз. Бәлкім, білім жетілдіру курстарын ашу керек шығар. Әзіл аралас сұрақ – туризмді дамыту үшін Маңғыстауға казиноны әкелеміз бе?

– Өңірімізде журналистер ғана емес, басқа мамандықтардың да тапшылығы бар. Айталық, дәрігерлер, мұғалімдер жетіспейді. Өзге өңірлерден оқытып, облысқа мамандар тартуымыз керек. Журналисттерге көмектесуге де дайынбыз.

Туризм үшін алғы шарттар жоқ емес. Ақтаудай ақмаржан қаламыз бар, теңізіміз бар. Тарихи ескерткіштеріміздің өзі неге тұрады! Құр сөзбен емес, іспен көрінсек, кездесер проблемаларды шешкенде ғана іс алға жылжиды. Мен өзім казинода қарсымын. Жап-жас жігіттердің құмар ойындар «ауруымен» ауырып, тағдыры тәлкекке ұшырап жатқандығы белгілі. Казиносыз да туризмді дамытуға болады.

Жәнібек Қожық, «Жас Алаш» газетінің меншікті тілшісі:

– «Жерде жетім жыласа, көкте періште қайғырар» деген. Қазақ жетімін жылатпаған халық еді. Осы түйінді шешуге байланысты ұсынысымды өзіңізге бергенмін. Бүгінгі бас қосу өте орынды. Облыста елудей елді мекен бар, тұрғындармен ауылдарда болып, жиі кездесіп отырсаңыз деген тілегім бар. Маңғыстау облысының құрылғанына 40 жылдай уақыт болды. Жергілікті кадрларді өсіруге мән берілмей жүр. Мәселен, ішкі істер департаментінде басшылық қызметте қырық жылдың ішінде бірде-бір маңғыстаулық азамат бірінші басшы болған емес.

– Кәмелетке толған соң олардың қат-қабат проблемалармен бетпе-бет кездесетіндігі рас. Жетімдерді кәсіпорындарға бекіту, жұмысқа орналастыру, оқыту жайын көтерген Жәкеңнің ұсынысы өте орынды. Жақында мұнай компаниялары басшыларын шақырып, осы мәселені талқыладық. Жетімдерді оқытып, жатақхана беріп, жұмысқа алу көп көмек. Бұл ірі компанияларға қиын іс емес. Біз өз ұсынысымызды жеткіздік, нәтижесі хабарланады.

Ауылдарға барған кезде тұрғындармен кездесеміз, қойып отырған мәселелерін қаперге аламыз, жауабын береміз.

Жергілікті кадрларды өсіруіміз керек. Мен өзім сондай саясат ұстанамын. Мысалы, қызметке кіріскеніме 5 ай өтті, сырттан ешкімді алып келгенім жоқ. Маңғыстаулық азаматтармен жұмыс жасап жатырмыз. Бірақ кейбір тағайындаулар маған байланысты емес...

Гүлмира, Ақтау қаласының тұрғыны:

– Жеке басыңызға қатысты сауал бергім келеді. Отбасыңыз Ақтауда тұра ма? Балаларыңыз қайда оқиды?

– Маңғыстауда 1989 жылы отау құрдым. Екі қызым, бір ұлым бар. Қыздарым екеуі де университет бітіріп, жұмысқа орналасайын деп жүр. Кенже ұлымыз қасымызда, Ақтауда тұрады, сәтін салса, биыл қазақ мектебіне 1-сыныпқа барады.

Баспасөз мәслихатында облыс әкімі өңірдегі түрлі көкейтесті мәселелерге қатысты басқа да бірнеше сауалдарға жауап берді. Көпшілікті мазалап жүрген Ақтаудан атом стансасын салу жайы да қозғалды. «Менің қолымда бұл жайында ешқандай мәлімет жоқ. Мұндай ел мүддесіне қатысты өзекті мәселеге халықты қатыстыра отырып, талқылап, қоғамдық тыңдау арқылы шешім алынады деп ойлаймын. Ал қазіргі әңгімені қауесет деуге болады» - деп дүдәмал жәйттің нұктесін де қоя кетті.

Баспасөз мәслихатын қорытқан облыс әкімі А. Айдарбаев журналистерді кәсіби мерекесімен құттықтап, тікелей байланысқа белсене қатысып, сауалдарын жолдаған барша тұрғындарға, БАҚ өкілдеріне алғысын жеткізді. Осындай кездесулерді бір күндік шара күйінде қалдырмай, тұрақты өткізу қажеттігін еске салды.

«Маңғыстау» газеті

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму

ҚЫТАЙ КӨМІРСУТЕГІ ӨНДІРУДЕ

халықаралық нитымақтастыққа қол жеткізіп отыр

Быылым замандардың бері Еуразияның жүрегінде қоныс тепкен қазақ халқының ежелден тату көршісі болып табылатын Қытай ел бұл күндері арнаулы аймаққа қарқынды дамуда. Сонау он жылдың ішінде Қытай Халық Республикасы адам тапқысыздықтай табыстарға қол жеткізді. Аспан асты елінің әрбиесінің ақшасы жылы ішкі өнімінің өсімі 10,7 пайызға дейін көтерілді. Жылма ішкі өнімнің өсімі бойынша Қытай қазір дуние жүзінде екінші орында тұр, ал бұл жылмы ішкі өнім жан басына шаққанда, бес есе өсті. Осы кезеңде халыққа білім беру мен денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету мен жұмысқа орналастыру көлемі тұрғын үй бағдарламаларды мен басқа салаларға салынған инвестициялардың көлемі 2,5 трлн. АҚШ доллардың асып түсті.

Қытай дуние жүзі елдері экономикасын өркендеуіне де айтқысыз үлесін қосып отыр. Аспан асты ел АҚШ-қа 50 млрд. доллар, Австралияға 50 млрд. доллар, Канадаға 38 млрд. доллар, Бразилияға 25 млрд. доллар, Ұлыбританияға 15 млрд. доллар, Индонезияға 14 млрд. доллар инвестициялар құйды. Сонымен қатар, соңғы жылдарда Қытайдың Африка елдеріне салған инвестициялары көлемі 15 млрд. АҚШ доллардың құрады.

Аспан асты елінің тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріне де көрсетіп отырған көмегі аз емес. АҚШ-ның Ресей экономикасына дамыма 13 млрд. АҚШ доллары салды, Белоруссия 2011 жылы 1 млрд. доллар, 2012 жылы 12 млрд. доллар көлемінде инвестициялар құйды, бұл елге Қытай салыңқыларының жалпы көлемі 16 млрд. долларға дейін өсті. 2011 жылы Украинаға қымбат газды арзан көмір отынымен алмастыру үшін «Нефтегаз» акционерлік қоғамына 3,65 млрд. АҚШ доллардың несие желісін ашты, 2012 жылы 15 жылдың ішінде ақшасы жетіп үшін 3 млрд. доллар болды. Түрікменстанға да 2 млрд. доллар көлемінде несие берді, оның 40 пайызы мұнай-газ саласына салынды. Тәжікстанға да 1,6 млрд. доллар бөлінін, оның 59 пайызы сауда-экономика кешенін дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, 2010-2013 жылдарды Қырғызстанға жалпы сомасы 900 млн. АҚШ доллары көлемінде несие жасалды, соңғай-ақ бұл елге жолдары жаңартыу үшін 129 млн. көлемінде несие бөлінді.

Жақында «Мағжұстамұнайгаз» акционерлік қоғамы Қазақстан мен Қытай арасында халықаралық нитымақтастығы нығайту, екі елдің әлеуметтік-экономикалық және өскерік байланыстарын дамыту, Қытай елін, оның мұнай-газ саласындағы табыстары мен жетістіктерін, Қытай халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін қазақ жұртына кеңірек таныстыру мақсатымен республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тобын аспан асты елінде сапарын ұйымдастырды. Біздің тілшіміз осы тоғыз құрамалы экономикалық дау қарқынды жиінен дуние жүзі бойынша бірінші орынға шығып, әлемдік нитымқор болып отырған Қытай Халық Республикасының халқының мәні өндіріс ошағындағы, мәдени-демалыс орындарында болып, экономикада үлкен сеспірс жасаған, Алға алыбалмен тығыз-тіршілігімен танысып қайтқан еді. Бүгін біз тілшіміздің аспан асты елінің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық өміріміз сыр шертетін жолжазбаларын оқырмандарымыздың назарына ұсынып отырмыз.

Мұнай мен газ өндіру - өндірістің басым бағыты

Алматыдан «Бонит» ақ қанатты лайнерімен ұшқан мағжұстамұнай журналистер қауымын самалдай жарқыраған Бейжің оңтүстігінің Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNPC) Экономика және технология ғылыми-зерттеу институтының «Petro TECH» ақпараттық консалтинтік сервистер кәсіметінін әсем арулары алқымдағыдеріне ұқпай жан қарсы алды.

Біз түскен Бейжің оңтүстігінің аумағы атпаитарын. Бірақ-сонды мұндай үлкен ұжымдағы көмертек сол жақ-жағымызға тамашалай қарап, есік алдына шыққанын кейін жұмсақ орындықты жайлы автобусқа жайғастық. Келік қонғалған соң теңселген тұнті Бейжіннің көрінісіне таңырқай көз салдық. Астанмен талақан Бейжіннің ғимараттары мен үйлері электр шамдарының иірімін маңынан тұр. Көк тіреген зәулім үйлердің түнгі бейнесіне қалжатай қарай отырып, бес жұлдызды «Шератон» мейманханасына қалай келіп қалғанымызды да білмей қалдық. Архитектуралық ансамбль ғарғаш Пекин өтелінің жаңа жайлы бөлмелеріне жайғасып, мұнда конкаттара жасалып отырған жиғалдарға дин риза болдық.

Тіп салқынмен сергек оянып, жұмыспашайынан, тамақтанған соң автобусқа бағыр және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNODC) штабына бет алдық. Жолбасшыларымыз - «Мағжұстамұнайгаз» акционерлік қоғамының әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаменті директорының орынбасары Хоу Тиньэй, бизнесті кәсіметінің бас маманы Есенхан Сұлтанов, Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNPC) Экономика және технология ғылыми-зерттеу институтының «Petro TECH» ақпараттық консалтинтік сервистер кәсіметінің менеджері Ванг Тереза мен аудармашысы Ма Чжэньці.

Барлау және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNODC) штабында да мағжұстаулық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Хоу мен Сұлтанов бізге шырайын қарсы алды. Компанияның электр таблосындағы «Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері! Хош келдіңіздер!» деген жазулар алыстан-ақ «мен мұндалап», көзімізге жалтыр ұшырады.

Штабтың кіреберісіндегі мұражайда оның қызметкері Барлау және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNODC) тарихымен, өсу, өрлеу және өркендеу кезеңдерімен, компанияның жетекті жетістіктерімен, оның іргетасын қалаушыларды ерен еңбетімен, компанияның таныма тұлғаларымен және корпорация не болған мемлекеттік сыйлықтарымен таныстырды.

Бұдан кейін штабтың мәжіліс залында Барлау және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNODC) басшылары қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесу өткізді.

- Біздің Барлау және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясы (CNODC) деп атаатын сан саалы өндірістік кәсіпорнымыз Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының (CNPC) ешқашс компаниясы болып табылады. Корпорациямыз шетелдерде мұнай-газ кенорындарын барлау, мұнай мен газды өндіру, өңдеу, тұрба құбырларын тасымалдау және өткізу жұмыстарымен айналысады,-деді корпорацияның вице-президенті Джиа Йонг мырза. - Барлау және Игеру жөніндегі Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясы (CNODC) жер шарының бес дүниясында, атап айтсақ, Орталық Азиада, Таяу Шығыста, Солтүстік Африкада, Америкада және Тынық Мұхит аймағында мұнай-газ кенорындарын игеруде ынтымақтастыққа қол жеткізді.

Корпорация құрылған 1993 жылдан бастан мұнай-газ кенорындарын барлау, мұнай мен газды өндіру, өңдеу, мұнай өнімдерін өткізу және мұнай химиясы салаларын кәмтитын толық өндірістік кешен құрды. Бүгінгі таңда, компания халықаралық мұнай нарығындағы белгісіздер қатысуындағы әлемге танымал ірі және орта мұнай-газ жобаларын игеруші компанияға айналды, әлемнің жетекші мұнай компанияларының бедделді де сенімді әріптесі деңгейіне көтерілді.

Өткен жылдардың ішінде компания халықаралық бәсекелестікке белсене түсіп, шетелдерде жұмыстарын табысты жүргізді. Оның потенциесінде компанияның ауқымы мен қуаты тұрақты өсіп келе жатыр. Бұл кезеңдерде компанияда жұмыста ынысалған халықаралық мұнайшылар командасы пайда болды. Сонымен қатар, күрделі шетелдік мұнай-газ кенорындарын игеру жөніндегі көптеген жаңа озық технологиялар игерілін, өндірістеге енгізілді. Мәтиналастастырып, әртүрлі ауқымда және түрінде шетелдік жобаларды игеру жөнінде өте ірі тәжірибе жинақталды, халықаралық тәжірибенің стандарттары бойынша іскерлер құрылып, олардың жұмыстары жолға қойылды.

Қазақстан Қытайдың мұнай-газ саласындағы нитымақтастығы жолға кейін бірінші ел болып отыр. Іскерлік байланыстарын арқасында екі елге де пайдалы әріптестік орнатып, іті табыстарға қол жеткізілін аур. Мәжіліс барысында Джиа Йонг мырза бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сауал-сұрақтарына жауап берін, мұндай кездесулердің халықаралық нитымақтастығы нығайтудағы маңызы жоғары екендігін атап көрсетті.

Кездесу соңында корпорация басшылары мағжұстаулық журналистермен есікертіпі суретке түсті.

Ғылыми-зерттеу институтының вице-президенті Му Лонгинь мырза қазақстандық конкатара жылы лебіз білдіріп, халықаралық нитымақтастық департаменті директорының орынбасары Ван Юйпин ханым зерттеу институтының таныстырды.

- Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының барлау және игеру ғылыми-зерттеу институты мұнай мен газды барлау мен өндіру саласындағы мемлекеттік басты кешенді зерттеу орталығы болып табылады. Бұл институт - Оңтүстік қуаты бойынша елімізде комбинасты және Қытайдың мұнай-газ өнеркәсібін дамытуда маңызды де белсенді рөль атқарды. Қытайдың бас геологі Ванг Дафон мырза ғылыми-зерттеу институтының президенті болып саналады.

Институтқа Қытайда Пекин штабы, Солтүстік-Батыс филиалы, Ланфан филиалы және Ханчжоу филиалы бар. Пекин штабында 26 бөлімшесі мұнай-газ жобаларын барлау, мен игеру, нижнинрин және шетелдік жобаларды технологиялық қолдау жұмыстарымен айналысады. Солтүстік-Батыс филиалдың 7 бөлімшесі мұнай геологиясы, геофизикалық қызмет, резервуарлар сипаттау және жаңартылған технологияларды қолдану шаруасымен шұғылданады. Ланфан филиалының 11 бөлімшесі мен ішкарулы жаңалықтар, тәбіғи газды барлау мен игеру жұмыстарын атқарады. Ал Ханчжоу филиалының 5 бөлімшесі теңіз геологиясы, теңіз аймағы геологиясы және рұқсат беру (лицензиялау) жұмыстарын жүргізеді.

Барлау және игеру институты Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының шетелдік жобаларын техникалық қолдауда үлкен тірек болып отыр. Сондықтан да, институтта техникалық қолдауын мақсатындағы жүйесі құрылды, ол мұнай-газ ресурстарын жаңалық зерттеуде, жаңа жобаларды тәуекелді бағалауда және мұнай мен газды барлау мен өндіру үшін техникалық шешімдерді жасауда маңызды роль атқарады.

Қазіргі уақытта институтқа барлау және игеру жұмыстарымен айналысып отырған Оңтүстік Америка, Азия және Тынық мұхит, Орталық Азия және Ресей, Африка және Таяу Шығыс бойынша бес бөлімшесі бар.

Еңбек қажамында 4 мың қызметкер еңбек етеді, олардың ішінде 2 мың ғылыми қызметкер бар, ғалымдардың катарында Қытай ғылым академиясы мен Қытай инженерлік академиясының 6 белгілі академиті, 44 корпоративтік дәрежедегі жетекші мамандар жұмыс істейді. Институтта магистр және доктор ғылыми атағы бар ғалымдардың саны 51 пайыз құрады, жоғары техникалық білімді қызметкерлердің саны 50 пайызға дейін жетіп отыр.

Мұнай-газ кенорындарын барлау мен игеру және ғылыми жұмыстарды жүзге асыру үшін институтта мемлекеттік кабаттың мұнай өнімділігін зерттеуінде, мемлекеттік кабаттың жіңгі газы зертханасы және корпоративтік зертхана сияқты пешуші зертханалар пайдаланылуда. Еңбек қажамында кабаттың мұнай өнімділігін арттыру үшін химиялық мұнатқарын шығару технологиясы жетілдірілуде. Сонымен қатар, жаңа алкогибетонсульфонат өнімі жасап шығарылды, ол өзінің ерекшелігімен бойынша шетелдік өнімдердің деңгейінде жақсы, бағасы бойынша үшін бір есе төмен. Сондай-ақ, тұзға төзімді полимер жасалды, ол полимерді қолдану үлесін 30 пайызға төмендеті. Және де төмен жиғанан кабаттарын мұнай өнімділігін арттыратын СО2 фундаментіндағы зерттеу режимі жасалды.

Жыл сайын институтта мемлекет пен корпорацияның 500-дей ғылыми жобасы орындалып, 15-20 инженерлік патент тіркеледі. Сонымен қатар, ғылыми журналдарда 20-30 монография, 400-800 ғылыми мақала жарияланады.

Магистр және философия докторы ғылыми дәрежесіне даурайтын институт Қытайда 10 белгілі университетпен және Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының 13 мұнай өндіру кәсіпорнымен әріптестік орнатты. Сондай-ақ, елдің 30 университеттерімен, зерттеу институттарымен және мұнай компанияларымен тығыз академиялық байланыс жасалды.

Мұнай мен газды барлау мен игеру жұмыстарын атқарды. Ал Ханчжоу филиалының 5 бөлімшесі теңіз геологиясы, теңіз аймағы геологиясы және рұқсат беру (лицензиялау) жұмыстарын жүргізеді.

Барлау және игеру институты Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының шетелдік жобаларын техникалық қолдауда үлкен тірек болып отыр. Сондықтан да, институтта техникалық қолдауын мақсатындағы жүйесі құрылды, ол мұнай-газ ресурстарын жаңалық зерттеуде, жаңа жобаларды тәуекелді бағалауда және мұнай мен газды барлау мен өндіру үшін техникалық шешімдерді жасауда маңызды роль атқарады.

Қазіргі уақытта институтқа барлау және игеру жұмыстарымен айналысып отырған Оңтүстік Америка, Азия және Тынық мұхит, Орталық Азия және Ресей, Африка және Таяу Шығыс бойынша бес бөлімшесі бар.

Еңбек қажамында 4 мың қызметкер еңбек етеді, олардың ішінде 2 мың ғылыми қызметкер бар, ғалымдардың катарында Қытай ғылым академиясы мен Қытай инженерлік академиясының 6 белгілі академиті, 44 корпоративтік дәрежедегі жетекші мамандар жұмыс істейді. Институтта магистр және доктор ғылыми атағы бар ғалымдардың саны 51 пайыз құрады, жоғары техникалық білімді қызметкерлердің саны 50 пайызға дейін жетіп отыр.

Мұнай-газ кенорындарын барлау мен игеру және ғылыми жұмыстарды жүзге асыру үшін институтта мемлекеттік кабаттың мұнай өнімділігін зерттеуінде, мемлекеттік кабаттың жіңгі газы зертханасы және корпоративтік зертхана сияқты пешуші зертханалар пайдаланылуда. Еңбек қажамында кабаттың мұнай өнімділігін арттыру үшін химиялық мұнатқарын шығару технологиясы жетілдірілуде. Сонымен қатар, жаңа алкогибетонсульфонат өнімі жасап шығарылды, ол өзінің ерекшелігімен бойынша шетелдік өнімдердің деңгейінде жақсы, бағасы бойынша үшін бір есе төмен. Сондай-ақ, тұзға төзімді полимер жасалды, ол полимерді қолдану үлесін 30 пайызға төмендеті. Және де төмен жиғанан кабаттарын мұнай өнімділігін арттыратын СО2 фундаментіндағы зерттеу режимі жасалды.

Жыл сайын институтта мемлекет пен корпорацияның 500-дей ғылыми жобасы орындалып, 15-20 инженерлік патент тіркеледі. Сонымен қатар, ғылыми журналдарда 20-30 монография, 400-800 ғылыми мақала жарияланады.

Магистр және философия докторы ғылыми дәрежесіне даурайтын институт Қытайда 10 белгілі университетпен және Қытай Ұлттық Мұнайғаз Корпорациясының 13 мұнай өндіру кәсіпорнымен әріптестік орнатты. Сондай-ақ, елдің 30 университеттерімен, зерттеу институттарымен және мұнай компанияларымен тығыз академиялық байланыс жасалды.

Дацин қаласының көріністері

«BGP» тенгдегі терең сұлы аймақтарды барлау жұмыстарын қолға алды. Қазіргі уақытта компанияда 6 кеме, соның ішінде бір 2D стримерлік кеме, 6 сейсмикалық кабельді бір 3D кеме, 12 сейсмикалық кабельді бір кеме және бір 4С OBC (теңіз түбінде қабылдау кабелі) кеме бар.

1961 жылдан бастан «BGP» Қытай мен дүниежүзінде «CNPC», «Shell», «ExxonMobil», «BP», «Total», «ENI», «Repsol», «YPF», «OXY», «GOPOC», «Saudi Aramco», «Pemex», «PDO», «Petrosa», «PDVSA» сияқты 100-ден астам энергетикалық компанияға сапалы қызмет тұрғын көрсетуде.

«BGP» Геофизикалық Мердігерлердің Халықаралық Ассоциациясы мен Мұнай мен Газды Игерушілердің Халықаралық Ассоциациясы белгілеген Еңбек пен Қауіпсіздікті, Қоршаған ортаны қорғаудың халықаралық стандарттарын қатаң сақтайды.

Сонымен қатар, компания өзінің Қытайдағы геофизикалық барлау сапасындағы бинктігі 38 мектр халық қайраңдарында арналған есікерлік-монумент тұр. Оның оңтүстік жағында Қытай халқының ұлы көсемі Мао Цзэдунның мәкілелі бар. Мұндағы мұржалай дақсты революционерлердің қайтыс болғанына бір жыл толуына орай 1977 жылы шиызды. «Тиньаньмэн» алаңының шығыс бетінде революциялық жалыңды жыздардың бронзадан қаланған мүсіндері сақталған мұржалай жұмыс істейді, қазір ол қалпына келтіріліп, жаңартылу үстінде.

«Аспан жайылғыны қаңпасы» алаңы 1417 жылы тұрғызылды, алаңда, бүгінгі бейнесіне 1651 жылы не болды, осы қаңпа арқылы өтетін жол император сарайына тіреледі. Бұл алаңның ауданы таңғажайын тор, оның көлемі 44 гектарға тең.

Осы алаңның жаны бастан бастан «Тыйым салынған шаһар» деп аталатын император сарайы Қытай мәдениетінің маржаны десек те болғандай. Аспан асты елінің тілінде «Гугун» деп айтылатын Бейжіндегі император қаланғыны - әлемдегі ең үлкен әсем де көркем, кең де сәулетті «ашпан» сарайы. 2406 жылы іргетасы қаланған император сарайы гасырлар бойына қарағайым адамдар үшін жабық болды (оның ата да осыған байланысты қойылған). Осы сарайдан аспан асты елін Мин және Цин ұрпақтарынан 24 императоры басқарды. Қазіргідін өзінде, сарайды Қытайдың соңғы императоры 75 жыл бұрын тастап шыққанын кейін де, ол қалып бұрқ үшін жабық болып қалып отыр, қаланың жартысы қыпшақтар тұрыстеттер үшін жабық, оңар-ғарлардың қуаны сырын ішіне бүгіп жатыр. Бұл сарай 1987 жылы ЮНЕСКО арқылы Қытай мәдени және тарихи есікертіпіттерінің арасынан бірінші болып адамзаттың бүкіл әлемдік мұрасы тізіміне енгізілді.

«Гугун» император сарайы 1406-1420 жылдары тұрғызылды. Оның жалпы алаңы 720 мың шаршы метр құрайды. Сарай кешенінде 9999 бөлме бар. Оның ауқымы сүмен толтырылған шұңқырды 3400 метр қабырға қоршап жатыр. Сарайды салуға миллиондаған құрылысшылар мен тас пен ағаштар үшін тәйсен шеберлер, суретшілер қатысты.

«Тыйым салынған шаһар» кешені астанасын Пекинге көшіруге дайындалған Мин ұрпағының Юнго императоры арқылы тұрғызылды. Осы кезеңде император Ханнаның тауының шыңында тағы бір тыйым салынған қала тұрғызды. Бірақ, ол бұл қалаға құрылысы аяқталғанын кейін бара алмады. 1644 жылы маньчжурлардың Мин ұрпағының үстемдігін құлатқанын кейін қала тонады. Цин әулеті ағымен бөлінбе келген бөлінуші маньжурлар, оны бұрынғы сонғы сәлтанатымен және сәулетімен қайтадан қалпына келтірді. Тағы жайлы жаңа жұмыс мен сарайлар, сәнбастар мен тоғандар салынды. XVIII ғасырда тамам император сарайы гүлдену кезеңне келді.

«Тыйым салынған шаһар» - тортөбешіл тәріздес сәулет өнерінің ғажайып туындысы. Биіктігі 10,4 метр қабырғалармен және кең шұңқырлармен қоршалған император сарайы сәулетшілет оптуитке қарай Бейжін қаласының өсімен дамиды. Оның ішінде симметриялық түрде орналасқан сарайлар, қақпалар, ішкі аулалар, сәнбастар мен бұлақтар бой түзейді. Император сарайы үйлесімді лабиринттті жолдары бар аждар сарайлар мен кең алаңдардың архитектурлық ансамбл іспеттес, оның өрбір бөлшетінің құрпя сыры бар. Тіпті жоғарысаналы гасырдан бастанда император сарайының алаңына сапуды ғана жоғары шекті шенеуніктер мен шеттедіктер ғана ала алды, оладардың ішіне де сарайдың ішін еміңеркін аралап жүруге құқық берілген жоқ. Оған дамып ішіне алып, сарайдың кассетті таныматтарын бұзбай, ұясті тұруға тиіс болды. Қара жасылдаңыабейсіндерге сарайға жаңаңдуға да рұқсат берілген жоқ. Сарайдың ішінде басқа адамдар кіруге болмайтын бөлмелер бар, мұнда император мен анықтар ғана бас сұға алды.

Егер императордың сүйікті пәрмінді бұрышты тауының үстінен тыйым салынған шаһарға қарайтын болсақ, сарайдың сары көбелері мен қызыл қабырғаларын байқаймыз, сары мен қызыл император сарайының басты түстері болып есептеледі. Ежелгі Қытайда қызыл түс салтанат пен байлықты, құдіретті білдіреді. Мұндай қызыл император сарайының басты түстері болып саналды. Қытайдың екінші маңызды түсі - сары, тыйым салынған шаһар жабысқандарының түсі. Қытайлықтарды түсінік бойынша, бұл бес элементтен - ағаштан, оттан, жердеп, металдан және судан тұрады. Олардың ішінде ең маңызды жер деп саналды, өз ілемнің кіндігі деп есептеді. Сары - барлық түстердің ең тазасы, бір-жердің түсі, яғни ешқандағы ізінен орталанатын түсі. Ол жоғары мен мен әдет-ғұрыптарды бейнелейді. Егер қандайда бір шенеунік немесе оның отбасы өкілдерді сары түсті кием кисе, яғи үйінің интерьерін сары түспен сырласа немесе үйінің төбесін сары жабысқандармен жасса, бұрынқы адамдарымен бірге ол аузар оғын жаласына кесілген.

Мұнда сарайдың барлық басты ғимараттарының қасбеттері оптуитікке қарап тұр. Оңсалпаша тыйым салынған қала оптуитіктің жоғарғы жүгерінде, Сібірдің салқын желіне тұ сынды берді. Бас қақпа да оптуитік бетте. Ол Вумен («жарты ғұн қақпасы») деп аталады, мұнда император өз ежелгерін тексерді. Қақпадан кейін «Алтын өзен» деп аталатын кішігірім өзен кесіп өтіп жатқан дуа бар, оның үстінен «жоғары үйдестік» қақпалары бастатын бес мрамор көпір өтеді. Оладан кейін тағы бір үлкен ауа бар, оның үлкендігі сонмалық, 20 мың адам емін-еркін сияды. Мұнын қарама-қарсы бетінде бік мрамор тұрыста тыйым салынған шаһардың ең маңызды ғимараты - «жоғары үйдестік сарайы» бой көтеріпті. Бұл сарайда мемлекет үшін айрықша сәтсіздігі жүзеуі ет тамада император бөлік құрды. Бұдан кейін «тоғық үйдестік зала» мен «үйдестіктісті сақтау залы» көтеріп тұрсы. Оладан әрдеуге император мен отбасы мүшелерінің, күтушілерді тыныяу орындары бар.

Бұл бөлмелердің көпшілігінде императордың жиналған қалыпы-бейнелік көздің жауын алып тұрып тұр. Мың жылдық тарихы бар Қытай халық мәдени мұраларын тіркеетін, жиналы бізіпті. Жалпы бұл үшін аспан асты елінен алатын үлгіонете ат емес.

Бейжін қаласындағы тарихи есікертіпіттемен танысудан басталған сапарымыз келесі күні Дацин қаласында мұнайшылар мұржалайбын арналуға ұшасты. «Мұнайшылар қаласы деп аталатын» Дацинде осы айнаспан комирсуетті шинжатынымыз кеңін таныан Ван Цзиньсюйін мұржалайбайында болып, алғашқы мұнай кенорнын игерушілердің тұрмыс-тіршілігімен таныстық. «Темір адам» деп аталған Ван Цзиньсюй бастаған тыңнан тәрен ғалым мұнайшылардың өндірістік штабы, жер кепілері, зертханалар, оладан қарағайым жұмыс жабысқандары, техникалары қайран қалдырды. Бұдан кейін біз мұнай технологиясы мұржалайбын жаңдағарғанмен танысып, үзеңн жеріне бөлендік. Мұржалай ғиді комірсуетті шинжатын өндірістік қарағайым құралжабдықтарды бастан, заманауи отық технологияларға дейінгі мұнай технологиялық мақсеттерін көрсетіп, оладың жұмыс істеу принциптерімен таныстырып, Қытайдың «ақ алтын» кенорнындарын игеру тарихы туралы мол мағлұмат берді. Мұнайдың қалай пайда болатындығы жөнінде түсіндіріп, дуние жүзінде шығатын комірсуетті шинжатынын үлгілерімен таныстырды.

Қытай мұнай компанияларының дуниежүзінің ең үлкен жұмыс жасап жатқандығы туралы айтып, осы аймақтағы оладың көп жетістігін жетістіктері мен табыстарын сөз етті. Ол елдемен аспан асты елінің мұнай-газ саласындағы халықаралық нитымақтастығы, іскерлік байланыстары турасында да кеңінен әңгімелеп берді.

Мұржалайдың сол жолымыз Дацин мұнай кәсіпшілігіне түсті. Мұнайшылар кәсіпшілігі деп жүргеніміз қаланың дәл өзі екен, қаланың ішінде тұрғын үйлердің тағы жанында «қара алтын» өндіріліп жатыр, мұнай өткеншектері (шағалаңдар) электр қуатымен тербеліп тұр, айналасы тап-таза. Қала ішіндегі мұнай құрылғыларының үйлерге де, дуние де тұс шиыз жоқ. Бұрын-сонды үйлердің жанында мұнай өткеншектерін көмгеген соң Қытай керемтіне ан-тап қалдық.

Қаланың Дацин атауы Қытай Халық Республикасының жаңалығанынан 10 жыл тоқ мерекісі мерекесінің қарсаңында 1959 жылдың 26 қыркүйегінде аспан асты елінің геологтарының Хайтушин провинциясының Чжаочжу үезінің Датун кенті маңынан ашылған ірі мұнай кенорнының атына байланысты қойылыпты. Бұлмаққа Тек ХХ ғасырдың басында ғана Ресей арқылы тоғеспен Шығыс Қытай тенір жолы пайда болғанынан кейін станса салынып, алғашқы констатинушылар келе бастанты. Бұл жерде 1913 жылы Аньда үезі құрылыпты, ол 1960 жылы қала атағына ие болды. 1979 жылдан жеотоскаланда қала Дацин деп ресми қайта аталды.

Басы. Жалғасы - 6 бетте

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму

ҚЫТАЙ КӨМІРСУТЕГІ ӨНДІРУДЕ

халықаралық ынтымақтастыққа қол жеткізіп отыр

Соңы. Басы 4-5 беттерде

Хэйлунцзян провинциясының батыс бөлігіндегі Дацин қаласында мұнай кенорнының ашылуы Қытай үшін үлкен тарихи оқиға болды. Өйткені, бұл ұлттық экономиканың дамуына айтарлықтай деңгейде кедергі келтіретін энергияның тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Дацинде ресми түрде мұнайды өндіру 1960 жылы басталды, сол жылдың аяғында орталық үкіметінің басшысы Чжоу Эньлай «Қытай негізінен өзін мұнайымен қамтамасыз ету жөніндегі мәселесін шешуге жетті» деп ресми түрде жариялады. Ғалымдардың мәліметтері бойынша Дацин кенорнында мұнай қорының жалпы көлемі 10-15 млрд. тонна, газ қорының жалпы көлемі 858 млрд. немесе 4,29 трлн. текше метр құрайды. Дацин кенорнында 27 жыл бойы жылына 50 млн. тонна мұнай өндірілді, 2003 жылдан бастап мұнай өндіру төмендетіле бастады, қазір шикізат қорының азаюына байланысты жылына 30 млн. тонна мұнай өндірілуде.

Дацин мұнай өнеркәсібі орталығы табиғатымен, жасыл желегімен және таза ауасымен таң қалдырады. Ол Қытай қалаларының ішінде бірінші болып экологиялық ортаны қорғауда үлгілі қала деп танылды және Біріккен Ұлттар Ұйымының жүлдесіне ие болды.

Мұнайшылар қаласынан ұшақпен Шанхай шаһарына ұшып келгенімізде, қазақстандық журналисттердің архитектуралық ансамбль құраған ғимараттар мен тұрғын үйлерге таң қалуына шек болған жоқ. Шанхай қаласының, оның ішінде, ғажайып Пудун ауданының көк тіреген сәулетті үйлері мен ғимараттарын сәулет өнерінің шоқ жұлдыздары деп атаса да болғандай.

Қытай кереметі атанған Шанхай шаһары Оңтүстік Қытай теңізінен алыс емес Янцзы өзенінің сағасында орналасқан, Янцзы Шанхай қаласын екі үлкен аймаққа бөледі, Пудонг шығысқа қарай, Пуси батысқа қарай созылады. Шанхай тек халықаралық корпорациялардың офистері бар және көрмелер мен конференциялар өтетін ірі бизнес-орталығы ғана емес, сонымен бірге, ол жырма бірінші ғасырдың сәулет өнерінің атақты аренасы десек, артық айтқандық емес. «Қуаныш бағы» (Юйюань) деп аталатын ғажайып паркі, «Вайтань» жағалауы және Нефрит Будда Храмы деп аталатын атақты Будда монастырі тілмен айтып жеткізуге болмайтын сәулет өнерінің шоқтығы биік туындылары екендігіне ешкімнің де дауы жоқ. Шанхай ешқашан да маңызды мәдени орталық болған емес, алайда, айрықша атмосферасы мен баурап алатын ерекше қасиетінің арқасында оны жиі «Шығыс Парижі» деп атайды.

Хуанпу өзенінің үстінде, Янцзы өзенінің құйылысында орналасқан Шанхай- 23 миллион халқы бар Қытайдың ірі және дүние жүзінің үлкен қалаларының бірі. Ол өзен және теңіз порты, ірі темір жол торабы бар, Қытайдың өнеркәсіптік-қаржы орталығы болып табылады.

Арман қала Шанхай Гонконгқа ұқсайды. Туристік қала ретінде танымал Азиядағы ірі мегаполис әдемі отельдерімен, мейрамханаларымен, кафелерімен және көңіл көтеру орындарымен таңқалдырады.

Сәулетті шаһарға қаланы екі көпірмен және Хуанпу өзенінің астындағы екі туннельмен жалғастыратын «Пудун» арнайы экономикалық аймағы ұласып жатыр.

Шанхайдың ең белгілі ескерткіштерінің бірі Нефрит Будданың Храмында болып, өткен ғасырдың басында салынған мазардың скульптураларын тамашалап көрдік. Күні бүгінге дейін жұмыс істейтін храмда ақ нефриттен жасалған Будданың бағалы мүсіні тұр. Дәстүрлі Қытай стилінде салынған храмда Цин кезеңіндегі буддалық мәтіндердің 72 томы осы күнге дейін сақтауда.

«Шығыс інжуі» - Шанхай телемұнарасы туралы айтпай кетуге болмайды, Азиядағы ең үлкен бұл телемұнараның биіктігі - 468 метр. Оның төбесінен қаланы алақандағыдай көруге болады. Мұнда біз лифтімен «Цзиньмао» әкімшілік-сауда орталығының 88 қабатына көтеріліп, 340 метр биіктіктен қала көріністерін тамашаладық.

Кешке туристік кемемен өзенде жүзіп, ертегідей қаланың түнгі көріністерінен көз айыра алмадық. Кеме үстінде зәулім үйлердің көгілдір экрандары мен нұрлы шамдарының жарығы өзіне тартып баурайды.

Шанхай қаласында екі күн болып, 2500 жыл тарихы бар Сучжоу қаласында Хуцю Жолбарыс Төбешігі паркі мен Чжочньюань Сыпайы Шенеунік паркін аралап, көк желекке малынған саябақтың аясында Қытайдың мәдени демалыс орындарымен таныстық.

Қытайдың қарыштап дамыған провинциялары мен тарихи орындарын аралап шыққаннан кейін Бейжің қаласына жүрдек поезбен қайтып оралдық, сағатына 350 шақырым алатын жүрдек поезд, қашықтығы 1300 шақырым Пекинге бес сағаттың ішінде жеткізді.

Бейжің қаласында аспан асты елінің атақты «Ұлы қабырға» қорғанында болып, оның тарихымен таныстық. Қорғанның басына саспалдақпен шығып, ескерткіш суретке түстік.

Бізге, маңғыстаулық журналисттерге Қытайдың қалалары мен тарихи орындары естен кетпестей әсер қалдырды. Аулымызға қайтар алдында өркениеті ел болып, таңғажайып шаһарлар тұрғызған аспан асты елімен, жаңа достарымызбен қимай қоштастық.

«Маңғыстау» газеті

Маңғыстау тарихынан үзік сырлар...

Текті тарлан арыстары Тінейдің

Келімберді, Құдайке
Адайдың екі баласы.
Құдайке екен ағасы,
Ағалықтан сол кезде,
Көрінген екен панасы.
Қосайдан Тінейі бай болып,
Мұсылман, кәпір, қазаққа,
Алдырмай кеткен шамасы.

Ескі жырдан үзінді

Әуелі Аллаға сыйынып, ереуіл сапар шығар болса арықты Қосай бабаның батасына жүгініп, екі талай кезеңде «Бекет» деп шақырған ұранға жиылып, арқа жайлап, Маңғыстау қыстаған арда Адайдың іргелі ауылының бірі Тінейлер.

Қосайдың кіндігінен өрбіген алты баласының бірі Тінейдің озалдан аты шықты. Оның Тәнірберген, Құдайберген тармағынан тарайтын қос ауылы қай заманда да ел қамын ойлаған ерлерінің барлығымен, салтанатына сақылығы сай мырзаларының дәулетті малдылығымен, болыс бектерінің ел-жұртқа пайдалы ақыл кеңес жарлығымен былайғы жұртқа үлгі салды. Тәнірберген батыр жорықта бөрілі байрақ ту ұстады, қалмақ ханының қызы Бекбикені жар етті, атағынан дұшпанның аламаны үрікті. Осылайша Тәнірбергеннің даңқы ерліктен шықса, Құдайбергеннің атағы Хақ Тағала бұйыртқан бақ дәулетті байлығымен шықты. Өз тұсында Құдайбергеннің Еламан, Жанаман, Алтай деген үш ауылының салтанаты мен байлығы, өнегелі ауызбірлігі Адай түгілі жиырма бес таңбалы кіші жүзге мәлім болды.

Сол бір текті лердің есімін бүгінгі ұрпақтың бәрі бірдей біле ме екен?

Атақ пен байлықтың бір жұрнағы іспетті сонау Кең Жылмойдың өресінде күмбезі көкті күзетіп, келісті өрнегі төгілген көне мазар тұр. Оны барша жұртшылық «Жұбан тамы» деп атайды. Тінейдің текті лігін танытып, Алашқа үлгі азамат болған Бай Жұбан, кайран Жұбан заманында жоқ-жітікті жарылқап, жаяуға ат мінгізіп, аттылыға айбарлы арқа сүйер болған арыс еді. Жаратқан Алла сол ниетіне берудей-ақ берді, мандайы жарқыраған жеті ұл сүйді. Тұңғыш ұлының атын көктегі Тәнір мен Қосай баба жарылқады деп, әрі Тәнірберген, Құдайберген аталарына ұқсатып Жарылғап қойды, оның артынан ерген алты ұлды тіл мен көздің сұғынан сақтанып Жақай,Талпақ, Шам, Бозым, Қалпақ, Өжек атады. Жеті ағаның ізінен ай мен күндей ажарлы қос қыз перзенті болды. Оларға Үбіш, Бибіш деген есім берді. Жұбан байдың үлкен қызы, Тінейлердің ұр қызы Үбіш сұлу Олжашы Назар қажының мандайындағы жалғыз ұлы Көпберген мырзаға сары ала жасауға толы қос отаумен, қалы кілем ораған тең-тең жүкпен, бір өңкей көк жорғалы бір үйір жылқымен, бірдей боз маялы, боз қасқалы еншімен ұзатылды. Жұбан бай мен оның ел сұрап тұрған жеті ұлының даулеті жетпесін бе, үлкен қыз осындай еншілі жасаумен ұзатылғанда, кеңже қыздың дүние-мүлкі одан бір мысқал да кем болған жоқ! Назынан еркелігі басымдау Бибіш ару қызылды-жасылды масаты кілем жабылған сән-салтанаты көз қарықтырар керуен көшпен Бабық Рзабек байдың аулына келін болып түскен-ді. Жұбан бай көзінің ағы мен қарасындай санап, әспеттеген қос сұлу барған жерінде қадірлі келін болды, екеуінің де тұңғышы ұл болып, тінейлер жиендерінің атын бірдей етіп Есет қойды. Үбіш сұлудың тұңғышы Есеттен тараған бір бұтақ мәуелі бәйтерекке айналған. Ал соның бір жапырағы болуды Алла Тағала маған нәсіп етіпті. Ендеше Жаратқанның нығметіне мың мәрте разылық ниетпен біссіміллә деп сөз бастап, ата жолымен арықты Қосай ауылының, оның ішінде Текті Тінейлердің жиені болып, нағашылар жайлы әкем айтқан құнды әңгімені өрбіттім.

Жұбан тамының салынуы жайлы хикаят

Арғы атаң сенің Ер Қосай,
Үстіне сауыт жамылған,
Қолына найза алынған.
Қыдыр көрген бай өтті,
Қалнияз бен Жұбандай,
Зәкәрия ,Шам, Талпақ,
Аш арықты қамқорлап,
Алтын мен күміс тағынған.

Ескелді Сүгір жырау

Бозы ырғалып, қызыл изені қырмызы реңке бөленіп, еркек шөбіне де дейін бидайықша тербеліп өсіп тұрған бұл қоныста Жұбан байдың үйір үйір ақтылы жылқысы жусап жатушы еді. Жемнің тұщы суын суат қылып, ауылдың жігіт біткені жылқы ішіндегі таңдаулыны пырақ қылып, тепсеңге өншең ақ үзікті, бедерлі дөдегелі алты қанат ақбоз үй тігіп, даулеттің қызығын көрудей-ақ көрді. Дариға-ай, сөйтіп Алашқа атағын оздырған Жұбан байдан да бұл дүние қалған еді –ау. «Бір салым аққұйрық шайдің бағасы бір жылқы болса бұл өңірде тек Жұбан бай ішер»

Оның жылқысының көптігіне қызығып та, қызғанып та қарайтын былайғы жұрт бұл әңгімені мәтелге айналдырып алды.

Шынымен де бұл әулетке біткен төрт түліктің ішінде есепсіз көбейгені қасиетті Қамбар ата түлігі алалы жылқы еді.

- Жылқымның дүбірін естіп жатайын, мені осы арада жерлендер!

Алла аманатын тапсырарда Жұбан бай осылай деп жеті ұлына осиет айтты.

Хақ бұйрығына кім қарсы тұра алар, жер–жерден емші –құшнаш, бақсы –балгерлерді алдырып, қаншама ем-дом жасатып, өлімге қимаса да қарындас біткенді қамықтырып Жұбан бай дүниеден озды. Оның намазына, Маңғыстаудың ойынан, Орынбор мен Аралдың, Еділ менен Жайықтың бойынан қарақұрым халық ағылды. Тінейлер ауылының қыз-келіні аталарының тірліктегі өнегесін жоқтауға қосқанда егілмеген өзекті жан қалмап еді. Жұбанның тірісінде оның тірлігіне қызыққан жұртшылық, енді оның өлісінде көрсетіліп жаткан құрметке де қайран қалып, «екі дүниенің абройын бере гөр» деген тілектің түпкі мәнісі осы екен гой деп таң қалысып, таңдай қағысқан. Байдың ауылы жыл бойы бата оқып, қара салып, қиыр-қиырдан атбасын тіреп келген шақырусыз қонақтардан үзілген жоқ.

Жеті ағайынды жігіттің қай-қайсысы да осал емес, бірақ бәрінің ішінде Талпақтың орыны бір бөлек, бедел-білігі озық. Содан болар Жұбан шалға там салатын шеберді таңдау Талпаққа тиесілі болды. «Мен Адайдың мықтысымын» деген тамшы шеберлердің қолтаңбасын саралап, сұрыптап ол ақыры Қаражүсіп баласы Жары Дүйсенбай шеберге тоқталды.

-Бәсеке таласым жоқ. Бірақ әкемнің атына сай там тұрғызсақ деп едік. Тірлігінде сән салтанат тұрмысты талған, арғымақ мініп, қалап киім киіп, таңдап ас ішкен, ақшасы аз ден арзанға қызықпаған адам еді. Мәңгілік мекені де соған ылайықты болсын! Әкемнің тамы Адайдың осыған дейін салынған барлық тамынан артық болып салынсын. Ал қол ақы еңбегіңе осыған дейін там салғаныңа ешкім беріп көрмеген мың қой, жүз қара берем, оны аздық етсең сұрағаныңды тағы берем, көкейтесті қалауыңды айт!- деді Талпақ мырза оған.

Мұны естіген Дүйсенбай шебер қуанғанған капелімде айтарға сөз таппай қалсын! Әлден уақытта барып:

-Бүйтпесең Талпақ болармысың! Айтқаның болады. Жұбан байдың тамын салудың өзі бір мәртебе. Адайдың көп тамшысының ішінде бұл қызмет бізге бұйырған екен. Бұған дейін өлігі үй салғаны үшін мың қой, жүз қара алған ешкім жоқ еді. Разымын,- деді.

Уағдалы күні бәтуаласқан іс басталып кетті. Талпақ мырза там салушыларға естен кетпестей бап жасатты.

Үш ай бойы күнде түстігіне бағланның еті, кештік асқа сүтке пісіріген құлынның еті, былайғы кезде жылқының қызыл қуырдағы мен қазы-карта, жал-жаялы жылы жұмсаққа қарық қылды, сусаса қулық биенің қымыран қымызы мен інгеннің қою шұбатын қанып ішкен Дүйсенбай шебер мен оның көмекшілері біраз жұмыстың басын қайтарып-ақ тастады. Уағдалы күні жазық дала төсінде күмбезі жарқырай күмбіреген, қабырғалары ойма өрнектермен нақыштталған көз жауын алатын жаңа кесене «Жұбан тамы» бой түзеді. Өнері шынайы бағаланғасын Дүйсенбай шебер де аянсын ба, күмбезді кесенеңің ішкі өрнегінің бояуларын бұған дейін ешбір тамға пайдаланып көрмеген өзінің күпия әдісімен сырлап шықты. Қабырғасын қиюластырған қоспаны да ешбір көмекшіні араластырмай, ешкімді қатыстырмай жеке дара құпия дайындады.

Тамның салынуына Жұбан байдың жеті ұлының да көңілі бітті. Тамшы шебер де бастаған ісінің сәтті біткеніне қуанып, мың қой, жүз қараны айдап, ауылдарына қайтар сәт туған. Алайда кесенені келіп көріп, оның бұрынғы тамдардан артық салынғанын байқаған, Дүйсенбай шеберге ағайын болып келетін Майлан жары Әкім балалары әңгіме тапты.

-Ай, Дүйсенбай-ай, мынау там айтарға сөз жоқ, керемет болып бітіпті. Сен ғұмырлық өнеріңмен Жұбан байдың тірліктегі атағын енді мәңгілікке өшпестей етіпсің. Талпақтың малын аядың ба? Мың қой мен жүз қара деген не, биылғы жыл қыс қатты болса жұтап қырылады да қалады. Одан да өміріне жетерлік қолақы сұрамайсың ба?

«Адамзатты сөз бұзар» деген. Дүйсенбай шебердің көңілі аяқ астынан нілдей бұзылды. Әрі ойланып, бері ойланып көріп бұрынғы уағдадан айнады. Алды кең, жомарт көңіл Талпақтан тағы да сұрағанын алатынына көз жетті.

-Бұл там өзім ойлағаннан да артық болып салынды. Әкең Жұбанның сүйегін алып басқа жерге қой. Тамды басқа біреуге сатам, – деп Талпаққа хабар салды. Талпақ шебердің бұл сөзіне ашуланған да жоқ, апшыған да жоқ. Әңгімеңің қай жақтан өршігенін нобайлады. Абайлады да, пендешілікпен азғырған сөзге ерген тамшыға аяушылықпен қарап:

- Сұрағаныңды айт! - деді.

Дүйсенбай шебер уәдеге тұрмай, бәтуаны бұзғаны енді есіне түскендей үндемей қалды. Шеберге енді не бererін тағы да Талпақтың өзі шешті.

-Өле-өлгеніңше жылына астыңа таңдаулы бір ат мінгізіп, соғымыңды беріп тұрайын, одан қала берді жыл сайын сауып ішер бір мойнағыңды үйіңнің алдына байлармын, – деді.

Дүйсенбай бұдан артық бұлтарып қайда барсын! «Күшім қайтып, там салуға шамам болмаған кезде ғұмырымның соңына дейін соғымым мен сауынын тегін, мінер атым дайын болса одан артық не тілейін», – деді. Бұл енді ешкім азғыра алмастай келісім еді.

Күмбезі көкпен шағылысып, өрнегі сағыммен арбасқан Жұбанның мазарына жұрттың бәрі таң қалысты.

-«Қарағай моладағы» Жұбан тамын көрген де арманда, көрмеген де арманда-десті жұрт.

«Қарағай мола» демекші, бұл қорымды жұрт көптен осылай деп атайтын. Бұлай аталуының мәнісі Кеңжылыойға кей жылдары қатар келіп қоныстанатын Әлім ауылының бір шалы қайтыс болып, осы араға жерлей салған. Айдала жазықтықтан там сала қоярлық тас табыла қоя ма! Сол өңірге барлау жасап, жерін қазып тексеріп көріп, мосы ағаш тұрғызып, шатыр тігіп көшіп қоныш жүретін қаба сақал, көк көзділерді қазақтар «тамыр» дейді. Сол сау болғыр тамырлар көшкен кезде жұртына тақтайлар тастап кетіпті. Әлім ауылының жігіттері әлгі тақтайдан қиыстырып, қоршап қайтқан қарттың тамын салып қойды. Содан бастап жұрт бұл араны «Қарағай мола» деп атап кеткен. Жұбан байға кесене тұрғызылған соң, қорымның бұлай атана беруін ұната қоймаған Тінейі ауылының жігіт-желеңі бір түннің ішінде барып «Қарағай моланың» тақтайын өртеп жіберді. «Көзден кеткесін көңілден кететіні» рас екен, содан Қарағай мола атауы ұмыт болды да, Жұбан тамы елге ортақ еңселі ескерткіш болып атын ғасырларға жалғады.

Айнахан ЕСЕТ
Қазақстан журналистер одағының мүшесі

Құрметті оқырман!

Естеріңізде болса «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның 50-жылдығына «Мұнайлы Өлке» газеті Қоғамның құрылу және даму тарихына арналған «Єсіңде ме сол бір кез...» атты ірі жобаны қолға алған еді. Маңғыстау облысының 40 жылдығы, Ақтау қаласының 50 жылдығымен тұспа-тұс келген мерейтой қарсаңында редакциямызға келіп түскен осы бір хатты назарларыңызға ұсына отырып, жаңұялық мұрағаттарыңыздағы Қоғамымыздың тарихына байланысты фотосуреттерді, құжаттарды, қызықты оқиғаларды редакция ұжымы күтетінін тағы да қаперлеріңізге саламыз.

Түбекке белгілі радиобайланыс маманы

Маңғыстауда тек қана табиғи, пайдалы қазбалар: мұнай, газ, уран мен ұлутас бар. Тек сол байлықтарды ғана айтып, баспасөзде жазып жүреміз. Басты байлығымыз, - адамдар екенін ұмыттпауымыз керек. Маңғыстау өлкесінде де өз кәсібінің шеберлері бар, болған. Олардың көбін ескермей ұмыт қалдырып жатамыз. Ескерусіз қалып келе жатқан түбекке белгілі болған радиобайланыс маманы - Теңелбай Қойшыбайұлы.

Жаңабаев Теңелбай Қойшыбайұлы 1924 жылы 15-ші шілдеде Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. Әкесі Қойшыбай Жаңабаев (1884-1954) Баутино портында жүк тиеп-түсіруші болып жұмыс істеген. 1943 жылы 8-ші сыныпта оқып жүріп қалалық байланыс конторына радиобайланыс маманы болып жұмысқа орналасқан. 1956 жылы Шевченко аудандық байланыс кеңсесі аға техник қызметіне жоғарылатылды. 1959 жылы Алматы қаласындағы радиобайланыс техникумына түсіп, 1961 жылы бітіріп шықты. 1962-1963 жылдары Шевченко аудандық байланыс кеңсесінде аға техник болып жүріп, Жетібай жерінде алғашқылардың бірі болып, байланыс торабының ірге тасын қалап, ұйымдастырушысы болды. 1964 жылы тамыз айында Жетібай поселкесінің радиобайланыс торабы өз алдына дербес мекеме болып құрылды. Сол мекеменің аға электромеханигі болып тағайындалды.

Теңелбай Жаңабаев Форт-Шевченко қаласымен Жетібай кентінің радиобайланыс инженері болып 44 жыл еңбек етті. «Еңбек ардагері» атанып құрметті еңбек демалысына шықты.

1994 жылы қазан айында Жетібай кентінде өмірден озды.

Тәкең туралы естеліктер:

«Аудандық газеттің техникалық редакторы»

Түбектегі байланыс қызметіне еңбегі сіңген ардагер, Форт-Шевченко қалалық байланыс торабында басшылық қызметте болған, кейін Маңғыстаумұнай мекемесіндегі байланыс торабына 1967-1980 жылдар аралығында басшылық еткен Бекбосынов Меңдібай ағай былай деп еске алады.

«Соғыстан кейінгі жылдары қалалық байланыс торабында білікті маман жетіспеді, Сондықтан, бір адам екі-үш қызметті қоса атқара береді. Тәкең (Теңелбай) радиобайланыс мамандығына қоса, қалалық емхананың рентген-технолог қызметін де атқарды. Кейін аудандық газеттің баспаханасының техникалық редакторы болып та қызмет атқарды. Тәкеңнің техникалық редактор болуы туралы айта кетсем деп едім. Шевченко аудандық газеті 1933-1958 жылдары «Колхоз жолы», 1958-63 жылдары «Ленин жолы» қазақ тілінде шығып тұрды. Аудандық газеттің баспаханасы балық шаруашылығының меншігінде еді. Балық мекемесі – «Каспийзвырыбтрест» (КЗРТ) Астрахандағы балық шаруашылығының бас басқармасына бағынышты болатын. (Кейін бұл мекеме «Маңғышлақ рыбхолдфлот» (МРХФ) болып өзгерген).

1947-1949 жылдары болуы керек, Аудандық «Колхоз жолы» газеті баспаханасының басна станогы бұзылып, газет шықпай қалды. Газеттің шықпай қалуы, ол кезде кеңес өкіметіне жау «Халық жауы», әдейі ұйымдасқан қылмыс деп танып, құдаланатын кезең. Сол кездегі аудандық, қалалық партия комитеті, атқарушы органдар, бәрі бірдей әбігерге түсті. КЗРТ мекемесінің орыс инженер қызметкерлері, Қазақ қызметкерлері жабылып жөндей алмады. Содан Астрахань қаласынан Балық шаруашылығы бас басқармасынан жоғары білімді инженер маман шақыртты. Ол үш күн, үш түн жұмыстанып, түрлі схемаларды қарап, ақыры төмендегідей қортындыға келді. «Бұл станок өте күрделі станок, Германиядан әкелінген. Арнайы келіп, Астрахань қаласына алып кетіп, жөндеу керек» - деді. Ал өзі шаршады ма, тез арада аулаған балықты қабылдап алушы кемеге (ПТС (приемно-транспортное судно) отырып, Астраханға тайып тұрды. Баспа станогі жөнделмеді, аудандық газет шықпай қалды. Аудандық партия комитетінің арнайы отырысында қаралып жатты. Сол кезде мен аудандық байланыс кеңсесінде қызмет атқарамын және де партия комитетінде алқа мүшесі едім. Сол жиналыста Тәкеңді ұсынып, баспа станогін жөндеуге рұқсат алдым. Тәкеңе ұсынысымды айтқанда: «Партия жұмсаса жұмыстанып қарайық» - деп күлімсіреді.

Тәкең сол баспа станогін бір тәулік ішінде іске қосты, аудандық газет қайта шыға бастады, шүкір, ешкім «Халық жауы» болып итшекченге айдалмай, аман қалды. Тәкеңді Ауданның партия комитетінің бірінші хатшысы қабылдап, алғыс айтып, сол кездегі ең таншы, таптырмайтын пілді шәйден – бес килограмм, шақпақ секерден – бес килограмм арнайы бөлдірген екен. Тәкең бұл сыйлығын ауылдастарына сарқыт деп бөліп берді».

«Менде сол пілді шәймен шақпақ шекерден дәм татқан адаммын» - деп өз сөзін аяқтады Меңдібай ағай.

Түбектегі радиобайланыс

Тәкең бала күнінен Баутиндегі радиостанция шеберханасындағы орыс инженерлердің балаларымен ойнап жүріп, радио қондырғысына көңіл бөліп, радио жүйесінің қыр-сырын үйренуге машықтанған болатын-ды. Мектепте оқыған кезінде физика, математика және орыс тілі пәндерінен өте жақсы бағалар алып, өз бетінше радиобайланыс жүйесін оқып үйренген. Әуелі қызығушылықпен үйреніп, өз бетімен ізденіп, оқи келе радио саласының майталман маманы болып қалыптасты. Бұл ізденістер бос кетпей 1943 жылы 8-ші сынып оқып жүріп, қалалық байланыс конторына (кеңсесіне) жұмысқа орналасқан. Кеңсе бастығы Жаров А.О. өзі арнайы сынақ алып бірден радиобайланыс маманы етіп жұмысқа қабылдайды. Форт-Шевченко қаласының құрметті азаматы, тыл ардагері, Республикамызға еңбегі сіңген қайраткер, ұстаз. 1929 жылы 25-ші желтоқсанда туған Өмірзақов Айса ағай былай деп еске алады.

«Маңғыстау өңіріндегі жалғыз қала Форт-Шевченко болғандықтан, түбектегі барлық хабар-ошар, жаңалықтар, көлік қатынасы, ауа-райы болжамдары, мал ауылдарымен, балық аулау кемелерінің барлығы тек рация, радиобайланыс арқылы жүзеге асатын еді.

Қаладағы радиостанцияның толыққанды жұмыс істеуін уақытылы техникалық күтім жасауын, бұзылып қалса дер кезінде жөндеуін қадағалап, сапалы жөндеу жұмыстарын жүргізетін Теңелбай болатын-ды.

1950 жылдары қалада аудандық байланыс кеңсесі жанынан радио редакциясы құрылып, қала тұрғындарына радио нүктелері (радиоточки) орнатылды. Бұл дыбыс күшейткіш қондырғылар еді. Қала халқы өз үйлерінде қазақ радиосынан берілетін концерттерді, жаңалықтарды тыңдауға мүмкіншілік алды. Атақты әншілер Күләш Бәйсейітова, Шабал Байсекова, Роза Бағланова, Ғарифолла Құрманғалиевтардың «тіре, жанды» дауыстарын есту мүмкіндігіне ие болды. Ол кездегі дыбыс күшейткіш қондырғылардың ресми атауы: «Репродуктор», орыстар ауызша – «Черная тарелка», қазақтар – «Қара қалпақ» деп атайтын еді. Себебі, түсі қара, түрі қалпаққа ұқсайтын еді. Кейінгі кезеңдерде дыбыс күшейткішінің басқада түрлері қолданысқа енді. 1950 жылдары Форт-Шевченко, Баутино, Аташ, Қызыл-өзен, Саура, Қаңға ауылдары мен Таушық, Маңғыстау ауданы селоларына телефон байланысының бағаналары мен желілері тартылды. Телефон желісінің сапалы тартылуына, әрбір үйлерге, мекемелерге құрылуына жауапты Тәкең (Теңелбай) бекітілген еді».

«Физика пәнінің мұғалімі»

Форт-Шевченко қаласындағы С.М.Киров атындағы орта мектепте 1956 жылдары мұғалімдер жетіспеді.

Қалалық партия комитеті ұсынысымен байланыс кеңсесінің аға техникі болып жүрген Теңелбай Қойшыбайұлын мектепке физика пәнінен сабақ беруге шешім шығарылды. Тәкең өз біліктілігімен жас жеткіншектерді физика пәнінен қызықтыра оқытып, радиобайланыс жүйесін кеңінен насихаттаған. Тәкеңнен сабақ алған, Жетібай тұрғындары: Чапай Мырзабеков, Кальменшеев Орынбай ағайлар әлі күнге физика пәнінен алған дәрістерін ұмытпай еске алады.

«Әскери байланыстың төтенше жағдайы»

Жетібай кенті тұрғыны Егеубай Теңелбайұлы былай деп еске алады.

«1967 жылдың көктемі еді. Күн жылы болатын, мен Жетібай жеріндегі №3 орта мектептің 5-ші сыныбында оқимын, сабақ түс қайта болатын. Таңертең үйкыдан тұрысымен сыртқа шықтым. Бір кезде үйдің қасына ГАЗ-69 автокөлігі келіп тоқтады. Ішінен үш әскери адам түсті, әскери кісілердің түстері өте суық екен, погондарында жұлдыз көп болғандықтан, мен үшін бәрі генерал сияқты. Есімді жиып үлгергенше болған жоқ, үйден әкемді тез алып шығып, машинаға отырғызып, есіктерін сарт-сұрт жауып, тез қозғалып кетіп қалды. Мен үйге кіріп, мамамнан не болғанын, әкемді қайда әкеткенін сұрадым. Мамам маған көңілсіздеу жауап берді: «Олардың орысша айтқанына түсінбедім, аманшылық болса, келер» - деді.

Мен ешкімге сездірмей ызадан булығып көзіме жас алдым. Әскери адамдар «НКВД» жендеттері шығар, тұтқындауға келген болды деген жаман ойлар жорыдым. Ол кезде ГАЗ-69 машинасы тек Жетібай пссоветінде болатын еді, ал бұл машинада екі есігінде де қызыл жұлдыз белгісі бар. Сол күні әкемізі үйге оралмады, біз қатты уайымдап, кешкі асымызды да іше алмадық. Келесі күні сәске шамасында сабаққа дайындалып, үй тапсырмасын орындап жатыр едім, сыртта автомашинаның гүр еткен дауысы естілді. Мен сабағымды тастай сала, далаға жүгіріп шықтым. Келген автомашина кешегі әскери ГАЗ-69 автокөлігі екен. Екі есігі айқара ашылып, кешегі түсі суық генералдар бүгін өте көңілді, әкемді машинадан демеп түсіріп, құшақтап бетінен қайта-қайта сүйеді, құдды бір радио атасы Попов тіріліп келгендей. Өздері қызаңдау, біреуі көлікте қалды да, екеуі әкеммен құшақтасып үйге бетті. Мен артынан еріп бірге үйге кірдім, сасқанымнан қуанарымды да, жыларымды да білмедім. Ол кезде орысша шала білгенмен, генералдың көп сөзінен бір сөзі есімде қалыпты: «Эй, вояка! Мы офицеры - связисты. Для нас твой отец гений!»

Әлгі генералдар өздерінің қалауымен, үйден сүті жоқ бір-бір қырлаубай ақ шәй ішіп, жол жүріп кетті. Кетірінде сыйлыққа әдемі стол сағаты және де үйдегі балаларға түрлі-түсті шарикті автоқаламсап сыйлап кетті.

Ол кезде мектеп оқушылары мен мұғалімдері көбі сия сауытпен, перомен жазатын-ды. Автоқаламсап үлкен қалаларда болмаса, ауылдық жерде тұрған бұхара халықтың қанша үйықтаса да, түсіне де кірмейтін кезең еді. Мен автоқаламсапты мектепке алып бардым. Әуелі мұғалімдер қызықтап жазып көрді, кейін автоқаламсап оқушылардың жазу-жазуына кедергі келтіреді, жас баланың тәртібіне зиян тигізеді деп мектеп директорына апарды. Ол жерде мұғалімдер жинальсқа салып, менің саяси мәселем талқыланды, мүмкін, ол шпиондардың арнайы құралы болар, солармен байланысып жүрсің, деп автоқаламсапты тәркілеп, маған түсініктеме жаздыртып, үстімнен іс қозғамақшы болды. Кейін әкем араласып, мектеп ұжымының ұстаздарын сабасына түсірді. Ал шариктi автоқаламсапты мектеп директоры, әрі әкемнің қатары Бекарысқанов Зердебай ағайға сыйға тарттық. Осы оқиғадан соң арада он жыл өтті, мен мектепті аяқтап, көсіптік техникалық оқу орнынан кейін, 1977 жылы өзімнің Отан алдындағы азаматтық борышымды өтеп, әскерден оралып, еңбекке араластым. Бірақ қайда жүрсем де, канша уақыт өтсе де бір ой маза бермей, баяғы өткен оқиғалардың мәнін білу үшін әкемнен сұрадым. Әкем сәл ойланып отырды да, әңгімесін бастады:

- Айналайын балам, өмірімде радиотехникаға байланысты көптеген таңқаларлық жағдайлар жиі кездесетін еді, себебі «радио өмірі»- бөлек әлем, құпия ғылым ғой. Сенің сұрап отырған оқиған, сондай мыңдаған оқиғаның бірі болатын-ды. 1967 жылы көктем мезгілі. «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігі (ПОМН) байланыс конторы бастығы Бекбосынов Меңдібай маған Жетібайға телефон соғып:

- Ертең таңертең қаладан әскери кісілер үйіңе барады, өтінемін, келісіміңді бер, келген соң қандай жұмыс екенін айтамын – деді. Мен ол кезде Жетібай радиобайланыс бөлімінің аға технигі қызметін атқарып жүргенмін. Меңдібаймен көп жыл бірге жұмыстас болған соң, келісімімді бердім. Әскерилер келіп, мені үйден алып кетті. Қалаға бірден байланыс конторына Меңдібайға бардық. Сонда барғанда Меңдібай барлық жағдайды түсіндірді. Оқиға былай болған екен: Шевченко (Ақтау) қаласы жанында Волгоградтағы әскери горнизонның құпия бөлімшесі бар екен. Сол бөлімшенің радиорелейный станциясы кенеттен бұзылып қалып, әскери құпия хабарламалар қорғаныс министріне уақытылы берілмей қалған екен. Бұндай төтенше жағдайға (ЧП) ұшыраған «Н» бөлімше командирі өздері жөндей алмаған соң, Волгоградтағы горнизоннан әскери радиоинженер шақыртқан екен, олар төрт күндей қарап, жөндей алмаған. «Қысылғаннан қыз болдық» - дегендей қаладағы азаматтық радиобайланыс кеңселерінің радиоинженерлерінен көмек сұрапты. Олар да тұқ таба алмай, радио қабылдағышты одан сайын бұзып, істен шығарған.

Бәрінен күдерін үзген «Н» бөлімше командирі амалсыздан «Қылша мойным талша» - деп мұнай байланыс конторының бастығы Бекбосынов Меңдібайға жалынып, көмек сұрай барған екен. Сонда Меңдібай командирге жаны ашып көмектесіп көрейін, үлкен қалаларда қандай радиобайланыс шеберлері барын білмеймін. Маңғыстау түбегінде мен білетін жергілікті өте білімді радиотехник бар, Жетібай кентінде тұрады, соған қолқа салып көрейін-деп мені алдыртқан екен. Содан Меңдібай маған қарап: - Ал, Тәке, кімнің кім екенін дәлелде, жергілікті мамандардың беделін бір көтер – деп шығарып салды. Содан мені әскери бөлімшеге алып келді, сосын құпияны жариялауға қол қойып, қолхат бердім. Әуелі екі томдық құпия «микросхемамен» танысып, радиорелейлік станцияның бұзылған қабылдағыштарын, таратқыштарын қайтарып, бір-бір қарап шықтым. Сосын командирден көмекшіге бір адам беруін сұрадым, және де басқа ешкім мазаламауын, ісімізге араласпауын сұрадым. 24 сағат бойы тынымсыз ізденіп, ақыры негізгі ақауы бар жерін тауып, бас штаб операторымен байланысқа шыққанда, командир балаша секіріп «уралап» қуанды. Содан бөлімше қызметкерлерін сапқа тұрғызып (развод) баяндама жасады.

Сапқа тұрған үлкен шенді радиоинженерлерді менің көзімше боқтап, жерден алып жерге салды.

- Бәрінде миғұласыңдар, арамтамақтар, он күннен бері, мен бас штабқа құпия мәліметтерді бере алмай отырмын. Несіне шіренесіңдер, қарапайым жергілікті радиотехниктей білімдерің, біліктерің жоқ. Осы кісіден үйреніңіздер, мазасын алғанымыз үшін кешірім сұрандар – деп офицерлердің шымбайына тиді. Ал маған салтанатты түрде алғыс жариялап, Жетібайдағы үйіме жеткізді – деді».

Тәкеңнің жолдастары мен шәкірттері

Теңелбай Қойшыбайұлы бүкіл өмірін радиобайланыс торабына арнады. Осы саладағы өткен еңбектерін, халыққа жасаған жақсылықтарын замандас, жолдас болған достары көптеген естеліктерді әңгіме қылатын-ды. Тәкеңнің замандастары: Бекарыстанов Зердебай – Ұлы Отан Соғысының ардагері, ҚР-на еңбегі сіңген қайраткер ұстаз, Ығылманов Намазбай - Ұлы Отан Соғысы және еңбек ардагері, Мастаев Құбаш – Ұлы Отан Соғысының ардагері және ҚР-на еңбегі сіңген қайраткер ұстаз, Кеңес Одағының ұздік ұстазы, Құлжігітов Рахымберді –Ұлы Отан Соғысының және ішкі істер министірлігінің ардагері, полковниг және де Жетібайлық ардагер кісілер. Тәкең өзінің артынан көптеген шәкірттер дайындап шығарды. Олардың көбісі қазірде Республикамызға танымал ардагер, ұстаз азамат ағаларымыз.

Атап айтқанда:

- Көшенов Тұрсынғали;
- Тумаев Жоламан;
- Жүнісбеков Аманқос;
- Айдарханов Тергеу;
- Сейтқулов Еңсеген және де басқа белгілі өлкемізге танымал азаматтар.

Абай Қалиев,
Жетібай кенті

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Қармысұлы Әбдіхалық – 11 шілде, ОИТҚ, ауысым бастығы
Қаюпов Бақтияр – 15 шілде, ҚҚ, диспетчерлік қызмет операторы
Үргешбаев Мақсат – 18 шілде, МГӨЦ-2, слесарь-жөндеуші

55 жас

Бижанова Зәуреш Алимовна – 15 шілде, САжМТЖД, қойма меңгерушісі
Үсенбаева Гүлнар Жұмалбекқызы – 25 шілде, ПҚЖПЦ, диспетчерлік қызмет операторы

50 жас

Алашаева Айкүміс Күжебаевна – 1 шілде, ТҮПЦ, қызметші
Жұмажан Нұрболат Тәжіғарауұлы – 2 шілде, ӨД, слесарь-жөндеуші
Аминов Мырзабай Кенжемағанбетұлы – 3 шілде, ПҚЖПЦ, электргаз дәнекерлеуші
Әбдіжапар Өркен Әбдікәрімұлы – 5 шілде, ТСДЦ, химсу тазалау аппаратшысы
Жүсіпова Күміс Қыдырбайқызы – 6 шілде, ӘМжӘДД, дәрігер-терапевт
Көкбаева Дәметкен Ильяскызы – 7 шілде, САжМТЖД, қоймашы
Туримбетова Зинеш Бисенғалиқызы – 9 шілде, ӘМжӘДД, лаборант
Қарақаев Қайырғали Қыдырханұлы – 13 шілде, ҚҚҰЦ, сорғы станциясының машинисі
Жаңбыров Қуанышбек Тілегенұлы – 17 шілде, САжМТЖД, компрессорлық қондырғы машинисі
Иманғазиев Нұрберген Сейітқалиұлы – 20 шілде, ӨД, бөлім бастығы
Аязбаева Гүлшара Көптілеуқызы – 21 шілде, ӘМжӘДД, өндірістік және қызметтік жайларды тазалаушы
Меңдібаев Бекболат Таңашұлы – 22 шілде, САжМТЖД, инженер
Бегенов Елемес – 24 шілде, ТҮПЦ, аумақты тазалаушы
Сардарбеков Төлеген Құлбасұлы – 25 шілде, ҚҚҰЦ, цех шебері

Елорда 15 жыл!

Бүкіл әлем қоштаған,
Мерекемен бастаған.
Берекелі жас қалам,
Асқақтай бер Астанам.

Ұйытқысы ұлтымның,
Елордасы жұртымның.
Елден оза көркейіп,
Ғарыштарға ұмтылдың.

Бейбітшілік көпірі,
Бар әлемге жол ашқан.
Болашақтың кепілі,
Достықпен жарасқан.

Нұр үстіне нұр болған,
Әнменен жыр болған.
Ел басы туған күн,
Түспа-түс бір болған.

Байтақты жерімнен,
Бақ қалам ашылған.
Тыныштығы елімнің,
Бақ таймасын басыңнан.

Тарихы талғамды,
Еңселі Елордам.
Отырардай ордалы,
Ұлы Жібек жол болған.

Кезеңдер өткерген,
Ақмола боп келген.
Бүгін Елордаға,
Астана деп ат берген.

Құтты болсын жас қалам!
Жаңа қадам бастаған.
Сарыарқаның төрінде,
Жайнай бер Астанам!

Қанатов К.,
«ОТК» ЖШС жүргізушісі

МАҢҒЫСТАУ ӘЗІЛДЕРІ

ЖОБА

Жапатармағай үй салу қаулап жатқан кез. Қопан деген қуақы кісінің үй тұрғызуға мүмкіндігі жоқ, бірде кемпірі екеуі далада келе жатады. Кенеттен ол ойына бірдеңе түскендей, бір таяқты алып, жерді сыза жөнелітті. Кемпірі таңданып сұрайды:

- Әй, шал, не істеп жатырсың?
- Үйдің жобасын сызып жатырмын.
- Бәрібір сала алмаймыз, ол неге керек?
- Дегенмен, жобаның болғаны жақсы. Міне, қарашы, мынау ауыз үй, ал мынау ас үй, сосын зал, ұйықтайтын бөлме.....- деп Қопан жерді сызғылап жатыр.

Содан кейін кемпіріне:

- Кел, мына залымызға отырайық, демалайық, -деп екеуі сызған жерге жайғасыпты. Сөйтіп отырғанда бір кісі келіп сұрайды:
- Әй, айдалада неғып отырсыңдар?

Содан Қопан оған айқайлапты:

- Шырағым, сөйлескің келсе, үйге неге кірмейсің? Не, терезеден сығалап тұрсың?

МОТОР

Ертеде Шахта орта мектебінде «автожүргізу» пәні ұйымдастырылды. Бір күні сабақ жүріп жатыр. Мұғалім Қарабала деген оқушыдан сұрайды:

- Мотордың қызметін айтшы?
- Ой, аға, ол оп-оңай ғой!
- Оңай болса, айта ғой!
- Мәнерлеп.... былай әсерлеп айтайын ба?
- Иә, сойте ғой.
- Вжж...вжж... кх....дррр...др...кх...вжж..

АШТЫҚТЫҢ ВИТАМИНІ

Бір отырыста денсаулық жөнінде әңгіме болып, витаминдер туралы айтылып жатыр еді. Соның арасында бір кісі сұрақ қойды:

- Осы аштықтың витамині бар ма екен?
- Бар, - деді бір қу.
- Ол қандай екен?
- Үлкен болады. Шамамен бір тәрелкедей.
- Ойпыр-ай, аты не?
- Қуырдақ.

ЕНДІ ОЗБАЙДЫ

Бір ағаның ескілеу «Москвич» машинасы болды. Сонымен келе жатқанда бір автоинспектор тоқтатыпты.

- Аға, қатты келе жатырсыз ғой, - дейді ол.
- Әй, қарағым, қайдағы қатты, бұл шіркін елуден артық тартпайды.
- Ана белгіге қарамайсыз ба? Онда«40» деген жазу тұр ғой.

Сонда әлгі кісі айтыпты:

- Әй, бәсе... Осы жерге келгенде жұрттың бәрінен озып кететін едім... Содан екен ғой, енді озбаспын.

ТОЙДЫҢ ИСІ

Назекештің папасы ішімдікті тек тойларда ғана ішеді де, басқа күндері таза жүреді. Бірақ бір күні кеште тойсыз да ішіп келіпті. Сонда Назекеш папасын құшақтап тұрып, мұрнын тыржита:

- Туу, папа-ай! Сенен бүгін тойдың исі шығып тұр ғой, - дегені.

ӨЗІНЕН АЙНЫМАЙДЫ

Бір домалақ тұлғалы, кішкене бойлы, айқайшы бастық адам, балалы болып, қуанышы қойнына сыймай тұр. Баласы жылап, іңгәлап жатыр.

- Айтыңдаршы, кімге ұқсаған? – деп сұрайды құттықтап келгендерден. Ішінде бір қуақы жолдасы бар екен, сол айтыпты:

- Тіпә-тіпә! Тіл-аузым тасқа, балаң өзіңнен айнымайды екен. Тіпті сойып қаптап қойғандай. Домаланған, жылмиған жылтыр бет, ештеңе түсінбейтін, аузын ашып айқайлай беретін. Тек сен!

ЖУУ

Ертеде екі-үш жігіт қыдырып жүріп, дүкенге соғады. Біреуі 70 тиынға шұлық сатып алған екен, жолдастары: «Давай, жу!» дейді.

Бұларға сылтау керек, шайханаға барып, шұлықты жуады. Ішіп-жеп, есептескенде әлгі жігіт 70 сом төлепті. Сонда «70 тиынның дүниесін 70 сомға жуған» деген сөз мәтел болып кеткен.

Әзілдер Сержан Шәкіраттың «Маңғыстау күлкісі-2» кітабынан алынды.

Сіз білесіз бе?

Мұнай тарихы

- **1903 жыл.** Ағайынды Райттардың жасап шығарған ұшағының алғашқы ұшуы. Әзірге, авиациялық жанармайға ерекше талап қойылған жоқ, бірақ 1920-жылдардан бастап таза авиациялық жанармай жасап шығаруға ұмтылыстар басталды.
- **1905 жыл.** Баку қаласында мұнай кенорынында тарихтағы ең алғашқы ірі өрт орын алды. Өрт барысында өңірдегі жұмыс жасап тұрған ұңғымалардың жартысынан астамыны жойылды.
- **1907 жыл.** Сол уақытта ұзындығы жөнінен әлемдегі ең үлкен болып саналған диаметрі 200 мм және ұзындығы 835 км Баку-Батуми магистральді мұнай құбырының құрылысы басталып, ол әлі күнге дейін жалғасуда.
- **1914-1918 жылдар.** Бірінші дүниежүзілік соғыс. Каспий бассейніндегі мұнай кенорындарына бақылау соғыстың бірден-бір себебі.
- **1918-1920 жылдар.** Азаматтық соғыс. Ресейдің мұнай өнеркәсібі қиратылды.
- **1920 жыл.** Ресей мұнай өнеркәсібін мемлекеттендіру. Мемлекеттік монополияны орнату.
- **1920-1924 жылдар.** Кеңес Үкіметінің шетелдік мұнай компанияларының активтерінің құнын төлеуден бас тартуына байланысты шетелдік мемлекеттердің Ресейге бойкот жариялауы.
- **1921 жыл.** Концессиялар туралы заңның қабылдануы, ол өз кезегінде Кеңес мемлекеті мұнай индустриясын жылдам қалпына келтіруге мүмкіндік берді.
- **1922 жыл.** Кеңестік Ресейдегі ішкі және сыртқы нарықтағы мұнай өткізуді бақылаушы монополиялық құрылым «Мұнайсиндикатының» құрылуы.
- **1924 жыл.** Үлкен саясаттағы алғашқы «мұнай дауы». АҚШ-тағы мемлекеттік тапсырысқа мүдделі мұнай компаниялары Ішкі істер министрлігінің басшысы Альберт Фолды сатып алды.
- **1929 жыл.** Ресейдегі мұнай өндіруді 1917 жылға көтеріліске дейінгі өндіру деңгейіне жеткізіп, қалпына келтіру.
- **1932 жыл.** Бахрейнде мұнай кенорындары ашылды.
- **1933-1938 жылдар.** Ресейдің орталық бөлігі: Ухтада (1933), Саратовта (1934), Орскіде (1935), Ишимбайда (1936), Мәскеуде (1938) және Уфада (1938) мұнай өңдеу зауыттарының құрылысы.

Мұнайлы Өлке
Меншік иесі: "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-280
Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 22 ш/а. тел: 750750
Тапсырыс: 3233